

МОЛОДОЙ УЧЁНЫЙ

ISSN 2072-0297

МЕЖДУНАРОДНЫЙ НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ



СПЕЦВЫПУСК



VII Международная
научная конференция
«Современная наука и инновации».

Научно-исследовательский институт
«Болашак», г. Кызылорда, Казахстан,
18 января, 2021 г.

Является приложением к научному журналу
«Молодой ученый» № 49 (339)

5.1
2020

Молодой ученый

Международный научный журнал

№ 5.1 (347.1) / 2021

Издается с декабря 2008 г.

Выходит еженедельно

Главный редактор: Ахметов Ильдар Геннадьевич, кандидат технических наук

Редакционная коллегия:

Ахметова Мария Николаевна, доктор педагогических наук
Абдрасилов Турганбай Курманбаевич, доктор философии (PhD) по философским наукам (Казахстан)
Бердиев Эргаш Абдуллаевич, кандидат медицинских наук (Узбекистан)
Жураев Хусниддин Олтинбоевич, доктор педагогических наук (Узбекистан)
Иванова Юлия Валентиновна, доктор философских наук
Каленский Александр Васильевич, доктор физико-математических наук
Куташов Вячеслав Анатольевич, доктор медицинских наук
Лактионов Константин Станиславович, доктор биологических наук
Сараева Надежда Михайловна, доктор психологических наук
Авдеюк Оксана Алексеевна, кандидат технических наук
Айдаров Оразхан Турсункожаевич, кандидат географических наук (Казахстан)
Алиева Тарана Ибрагим кызы, кандидат химических наук (Азербайджан)
Ахметова Валерия Валерьевна, кандидат медицинских наук
Брезгин Вячеслав Сергеевич, кандидат экономических наук
Данилов Олег Евгеньевич, кандидат педагогических наук
Дёмин Александр Викторович, кандидат биологических наук
Дядюн Кристина Владимировна, кандидат юридических наук
Желнова Кристина Владимировна, кандидат экономических наук
Жуйкова Тамара Павловна, кандидат педагогических наук
Игнатова Мария Александровна, кандидат искусствоведения
Искаков Руслан Маратбекович, кандидат технических наук (Казахстан)
Кайгородов Иван Борисович, кандидат физико-математических наук (Бразилия)
Калдыбай Кайнар Калдыбайулы, доктор философии (PhD) по философским наукам (Казахстан)
Кенесов Асхат Алмасович, кандидат политических наук
Коварда Владимир Васильевич, кандидат физико-математических наук
Комогорцев Максим Геннадьевич, кандидат технических наук
Котляров Алексей Васильевич, кандидат геолого-минералогических наук
Кошербаева Айгерим Нуралиевна, доктор педагогических наук, профессор (Казахстан)
Кузьмина Виолетта Михайловна, кандидат исторических наук, кандидат психологических наук
Курпаяниди Константин Иванович, доктор философии (PhD) по экономическим наукам (Узбекистан)
Кучерявенко Светлана Алексеевна, кандидат экономических наук
Лескова Екатерина Викторовна, кандидат физико-математических наук
Макеева Ирина Александровна, кандидат педагогических наук
Матвиенко Евгений Владимирович, кандидат биологических наук
Матроскина Татьяна Викторовна, кандидат экономических наук
Матусевич Марина Степановна, кандидат педагогических наук
Мусаева Ума Алиевна, кандидат технических наук
Насимов Мурат Орленбаевич, кандидат политических наук (Казахстан)
Паридинова Ботагоз Жаппаровна, магистр философии (Казахстан)
Прончев Геннадий Борисович, кандидат физико-математических наук
Семахин Андрей Михайлович, кандидат технических наук
Сенцов Аркадий Эдуардович, кандидат политических наук
Сенюшкин Николай Сергеевич, кандидат технических наук
Султанова Дилшода Намозовна, кандидат архитектурных наук (Узбекистан)
Титова Елена Ивановна, кандидат педагогических наук
Ткаченко Ирина Георгиевна, кандидат филологических наук
Федорова Мария Сергеевна, кандидат архитектуры
Фозилов Садриддин Файзуллаевич, кандидат химических наук (Узбекистан)
Яхина Асия Сергеевна, кандидат технических наук
Ячинова Светлана Николаевна, кандидат педагогических наук

Международный редакционный совет:

Айрян Заруи Геворковна, кандидат филологических наук, доцент (Армения)
Арошидзе Паата Леонидович, доктор экономических наук, ассоциированный профессор (Грузия)
Атаев Загир Вагитович, кандидат географических наук, профессор (Россия)
Ахмеденов Кажмурат Максutowич, кандидат географических наук, ассоциированный профессор (Казахстан)
Бидова Бэла Бертовна, доктор юридических наук, доцент (Россия)
Борисов Вячеслав Викторович, доктор педагогических наук, профессор (Украина)
Буриев Хасан Чутбаевич, доктор биологических наук, профессор (Узбекистан)
Велковска Гена Цветкова, доктор экономических наук, доцент (Болгария)
Гайич Тамара, доктор экономических наук (Сербия)
Данатаров Агахан, кандидат технических наук (Туркменистан)
Данилов Александр Максимович, доктор технических наук, профессор (Россия)
Демидов Алексей Александрович, доктор медицинских наук, профессор (Россия)
Досманбетова Зейнегуль Рамазановна, доктор философии (PhD) по филологическим наукам (Казахстан)
Ешиев Абдыракман Молдоалиевич, доктор медицинских наук, доцент, зав. отделением (Кыргызстан)
Жолдошев Сапарбай Тезекбаевич, доктор медицинских наук, профессор (Кыргызстан)
Игисинов Нурбек Сагинбекович, доктор медицинских наук, профессор (Казахстан)
Кадыров Кутлуг-Бек Бекмурадович, кандидат педагогических наук, декан (Узбекистан)
Кайгородов Иван Борисович, кандидат физико-математических наук (Бразилия)
Каленский Александр Васильевич, доктор физико-математических наук, профессор (Россия)
Козырева Ольга Анатольевна, кандидат педагогических наук, доцент (Россия)
Колпак Евгений Петрович, доктор физико-математических наук, профессор (Россия)
Кошербаева Айгерим Нуралиевна, доктор педагогических наук, профессор (Казахстан)
Курпаяниди Константин Иванович, доктор философии (PhD) по экономическим наукам (Узбекистан)
Куташов Вячеслав Анатольевич, доктор медицинских наук, профессор (Россия)
Кыят Эмине Лейла, доктор экономических наук (Турция)
Лю Цзюань, доктор филологических наук, профессор (Китай)
Малес Людмила Владимировна, доктор социологических наук, доцент (Украина)
Нагервадзе Марина Алиевна, доктор биологических наук, профессор (Грузия)
Нурмамедли Фазиль Алигусейн оглы, кандидат геолого-минералогических наук (Азербайджан)
Прокопьев Николай Яковлевич, доктор медицинских наук, профессор (Россия)
Прокофьева Марина Анатольевна, кандидат педагогических наук, доцент (Казахстан)
Рахматуллин Рафаэль Юсупович, доктор философских наук, профессор (Россия)
Рахмонов Азиз Боситович, доктор философии (PhD) по педагогическим наукам (Узбекистан)
Ребезов Максим Борисович, доктор сельскохозяйственных наук, профессор (Россия)
Сорока Юлия Георгиевна, доктор социологических наук, доцент (Украина)
Узаков Гулом Норбоевич, доктор технических наук, доцент (Узбекистан)
Федорова Мария Сергеевна, кандидат архитектуры (Россия)
Хоналиев Назарали Хоналиевич, доктор экономических наук, старший научный сотрудник (Таджикистан)
Хоссейни Амир, доктор филологических наук (Иран)
Шарипов Аскар Калиевич, доктор экономических наук, доцент (Казахстан)
Шуклина Зинаида Николаевна, доктор экономических наук (Россия)

На обложке изображена *Екатерина Игоревна Шишацкая* (родилась в 1974 году), российский биофизик.

Екатерина Шишацкая родилась в Красноярске, в семье ученых. Мать Екатерины — биолог, отец — кардиолог. Еще будучи студенткой, Шишацкая начала работать в Институте биофизики СО РАН. По окончании вуза она прошла интернатуру в больнице скорой медицинской помощи — нынешней городской больнице № 6 имени Карповича, а позднее поступила в аспирантуру при Институте биофизики Сибирского отделения РАН. Екатерина Игоревна — кандидат медицинских наук и доктор биологических наук, причем докторскую степень она получила в 34 года.

Шишацкая своими работами внесла большой вклад в исследование нового класса биоразрушаемых полимеров, обеспечивший приоритет и мировую известность научной школы России. Она опубликовала около ста статей в ведущих международных журналах и журналах РАН, включая первую отечественную монографию по биоразрушаемым полигидроксиалканоятам (ПГА).

В комплексных исследованиях на культурах клеток разного происхождения и на лабораторных животных она доказала высокую биологическую совместимость биополимеров, включая пригодность для контакта с кровью, на уровне клеток, тканей и целого организма.

В ее исследованиях раскрыт механизм биодegradации этих полимеров с участием макрофагов и гигантских клеток инородных тел с высокой активностью кислой фосфатазы. Полученный ею продукт «Биопластотан» — настоящий прорыв в российской медицине. Из него можно изготавливать части костей, получать хрящевые ткани, делать оболочку для лекарств, которые, попав в организм, благодаря этой оболочке будут действовать только в определенном месте, что необходимо, например, для воздействия на раковые опухоли.

Шишацкая впервые исследовала реакцию крови и различных тканей организма на имплантацию биополимеров; установила, что она характеризуется непродолжительным посттравматиче-

ским воспалением с формированием тонких фиброзных капсул, истончающихся со временем, и протекает без каких-либо неблагоприятных реакций.

Впервые в мировой практике ею были сконструированы и исследованы трубчатые полимерные эндопротезы и внутрисудистые стенты, снижающие риск развития рестенозов после стентирования вмешательств.

В настоящее время Екатерина Игоревна занимается расширением спектра изделий и композитов из «Биопластотана» и клиническими исследованиями возможностей и эффективности применения их для реконструкции дефектов тканей, в качестве биосовместимых покрытий, остеозамещающих эндопротезов, шовного материала, платформы для депонирования и доставки лекарственных средств.

Екатерина Шишацкая является лауреатом премии имени академика Лаврентьева, премии выдающихся ученых Сибирского отделения РАН и национальной премии России «Будущее шовных материалов». Она также была удостоена государственной премии Красноярского края в области образования и науки и стала стипендиатом международного конкурса ЛО-реаль — ЮНЕСКО «Для женщин в науке».

В 2010 году доктор стала лауреатом президентской премии в области науки и инноваций для молодых ученых по итогам 2009 года за исследования по разработке технологий получения биоразрушаемых полимеров «Биопластотан» и создание научных основ для их применения в медицинской практике.

В декабре 2011 года Екатерина Шишацкая была избрана депутатом Законодательного собрания Красноярского края второго созыва от регионального отделения Всероссийской политической партии «Единая Россия». Она входит в состав комитета по здравоохранению и социальной политике, а также комитета по образованию, культуре и спорту.

Екатерина Осянина, ответственный редактор

СОДЕРЖАНИЕ

Аргинбекова Г. И. Құқықтық мәдениет түрлеріне талдау.....	1	Рысқұлова А. Ә. Арт-терапия әдісін мүмкіндігі шектеулі тұлғаларды оңалтуда қолдану	7
Жұмаділда Н. Т., Исхакова К. У. Саяси жарнамадағы жаңа технологиялар және Интернет.....	2	Рысқұлова А. Ә. Мүмкіндігі шектеулі тұлғаларды әлеуметтік оңалту жүйесін теориялық талдау тәсілдері	8
Мадазимова Қ. Т. Жаһандық қаржы-экономикалық дағдарыс түсінігі	3	Еңсегенұлы Т. Қазақ жеріндегі түркі руна жазба ескерткіштерінің сипаты	9
Медетбаев Т. С. «Музыканың үлкен кітабындағы» әл-Фарабидің өнер теориясын құру әдістері	4	Тұлеубай А. А. Елдің болашағы — білімнің салтанат құруында	11
Мұратқызы А. Отанға деген құрмет, сыйластық тәрбиелі ұрпақты қалыптастырады	5	Тұнғатова Н. Ә. Ойын технологиясының педагогикалық түсініктері.....	12
Насимов М. О. «Скопус» базасындағы «Саяси жарнама» түсінігінің көрсеткіштері (2019–2020 жылдар).....	6	Тұнғатова Н. Ә. Ойын технологияларындағы адамгершілік қасиеттерді қалыптастырудың шарттары	13

Құқықтық мәдениет түрлеріне талдау

Аргинбекова Гулнар Ишанбековна, заң ғылымдарының кандидаты, кафедра меңгерушісі
Қызылорда «Болашақ» университеті (Қызылорда қаласы, Қазақстан)

Рухани мәдениеттің құрамдасы саналатын құқықтық мәдениет білімнің жалпы деңгейі және қоғамның құқыққа объективті қатынасы, өмір сүру процесінде пайда болатын нормалар, сенімдер мен көзқарастар түріндегі құқықтық білімнің жиынтығы болып табылады. Құқықтық мәдениет еңбек ету, өзара әрекеттесетін субъектілердің қарым-қатынасы мен мінез-құлқында көрініс табады. Мәдени және құқықтық тәрбие мен оқыту жүйесінің ықпалы барысында қалыптасады.

Ғылымда құқықтық мәдениетті үшке бөлу кеңінен қалыптастырылған: қоғамның құқықтық мәдениеті; тұлғаның құқықтық мәдениеті; әлеуметтік топтың құқықтық мәдениеті.

Қоғамның құқықтық мәдениеті — адамзаттың құқық саласында жинаған және осы қоғамның құқықтық болмысына қатысты құндылықтар жүйесін танытатын жалпы мәдениеттің бір бөлігі: құқықтық сана деңгейі, заңдылық пен құқықтық тәртіп ережесі, заңнама жағдайы, құқықтық тәжірибе жағдайы және т.б. Құқықтық мәдениеттің жоғары деңгейі құқықтық ілгерілеудің көрсеткіші болып табылады. Қоғам мәдениеті жеке тұлғалардың, ұжымдардың және басқа да құқық субъектілерінің әлеуметтік-құқықтық белсенділігінің нәтижесі; белсенділіктің бастапқы белгісі, негізі және тұтастай алғанда жеке тұлғаның құқықтық мәдениеті.

Заң ғылымдарында құқықтық мәдениет түсініктерін құрылымдаудың мынадай негіздерін айтуға болады: объективті және субъективті құраушылары бойынша құқықтық мәдениеттің субъектілері, яғни тасымалдаушылары; қоғамдық және жеке мүдделердің ара-қатынасы; идеологиялық және әлеуметтік-психологиялық құндылықтардың болуы; мінез-құлық және құндылық компоненттері; алынған құқықтық білімнің деңгейі мен дәрежесі; құқықтық білімді санада бекіту, тәжірибеде іске асыру дәрежесі [1, 62 б.].

Тұлғаның құқықтық мәдениеті қоғамның құқықтық мәдениетімен тығыз байланысты. Ол кез келген адамның заңды қызметін қамтамасыз ететін тұлғаның үдемелі-құқықтық дамуының дәрежесі мен сипаты саналады. Тұлғаның құқықтық мәдениеті мына құбылыстармен байланысты: құқықтық білімнің, құқықтық ақпараттың болуы — интеллектуалдылық; жинақталған ақпарат пен құқықтық білімді құқықтық сенімге, мінез-құлықтың әдеттеріне айналдыру — эмоционалды-психологиялық; осы құқықтық білім мен құқықтық сенімдерді негізге ала отырып, әрекет етуге, яғни заңға сәйкес заңды түрде әрекет етуге дайын болу: өз құқықтарын пайдалану, міндет-

терін орындау, тыйымдарды сақтау, сондай-ақ олар бұзылған жағдайда өз құқықтарын қорғай білу — мінез-құлықтық.

Тұлғаның құқықтық мәдениеті қоғам мүшесінің құқықтық әлеуметтену деңгейін, оның мемлекеттік және әлеуметтік өмірдің құқықтық принциптерін, Конституцияны және басқа заңдарды игеру және пайдалану дәрежесін сипаттайды. Тұлғаның құқықтық мәдениеті құқықты білу мен түсінуді ғана емес, сонымен бірге ол туралы әлеуметтік құндылық ретінде құқықтық пайымдауды, ең бастысы оны жүзеге асыру, заңдылық пен құқықтық тәртіпті нығайту жөніндегі белсенді жұмысты білдіреді. Демек, тұлғаның құқықтық мәдениеті оның іс-әрекеттегі позитивті құқықтық санасын білдіреді.

Әлеуметтік топтың құқықтық мәдениеті осы топтың құқықтық сана деңгейімен сипатталатын және қолданыстағы заңның талаптарын нақты жүзеге асыру деңгейі жиі кездесетін түсінік. Жалпы алғанда қоғамның құқықтық мәдениетінің сипаттамасымен сәйкес келетінін ескере отырып, әлеуметтік топтың құқықтық мәдениетін қоғамның құқықтық мәдениетінен тікелей құқықтық мәдениетті емес, белгілі бір әлеуметтік топты зерттеген кезде бөлген жөн.

«Law, Legal Culture and Society» [2] атты еңбекте құқықтық тәртіптің плюралистік сәйкестігі қарастырылады. Кітапта қоғам мен заңды қабылдаудың әртүрлі тәсілдерінің өзара рефлексивтілігі қоғамның жазбаша заңды ерекше формальды болмысына көлеңке түсіреді деп айтылады. Айна метафорасы арқылы қазіргі қоғамдағы құқықтық мәдениеттердің көптеген тәсілдеріне ерекше көзқарасты алға тартады. Қоғамның айнасы ретінде ол құқықтық жүйедегі құқықтық мәдениеттің құрылымы мен қызметін және қоғамдағы құқықтық сыртқы көрінісін ажыратады. Бұл екі жақтылық заңның өсіп келе жатқан трансұлттан-дырылуына байланысты одан әрі мәселені дамытады.

Алғыс білдіру

Ғылыми-зерттеу жұмысы «Болашақ» Ғылыми-зерттеу институты жанындағы Әлеуметтік-экономикалық және саяси зерттеулер орталығының «Құқықтық мәдениетті арттыру және мемлекеттіліктің негіз қалаушы құндылықтарын құрметтеуді қалыптастыру» университетішілік жобасы шеңберінде орындалып, университет құрылтайшысының қаржыландыруымен жарық көрді.

Әдебиет:

1. Akhmetov A. S. Phenomenon of legal culture of Kazakhstan society // Bulletin of the Karaganda university. Law series.— 2018.— № 3 (91).— P. 59–65.
2. Febrajo A. Law, Legal Culture and Society. Mirrored Identities of the Legal Order.— Routledge, 2020.— 212 p.

Саяси жарнамадағы жаңа технологиялар және Интернет

Жұмаділда Нұрай Төреғалиқызы, студент;
Исхакова Карлыгаш Утегеновна, аға оқытушы
Қызылорда «Болашақ» университеті (Қызылорда қаласы, Қазақстан)

Соңғы уақытта Интернеттегі жарнама сегменті сенімді өсу қарқынын көрсетіп, бұл зерттеушілер арасында тауарлар мен қызметтерді коммерциялық алға жылжытуда ғана емес, саяси процестерде де осы байланыс арнасын қолдану мүмкіндіктері мен рөлі туралы көптеген пікірталастар туды. Осыған байланысты «жаңа технологиялар» ұғымы кеңінен таралып, жарнамалық әсер етудің интеграцияланған, құрылымдық жағынан күрделі әдістері, олардың дамуына оңтайлы жағдайларды қамтамасыз ете алатын Интернет ақпараттық платформасының мультимедиялық базасы айтыла бастады.

Саяси жарнамадағы технологиялар — бұл белгілі бір деңгейдегі мемлекеттік билік үшін күресте саяси топтардың немесе жеке кандидаттардың тиімділігін арттыратын тәжірибелік тәсілдер болып табылады. Саяси жарнама нақты қоғамдық-саяси жағдайды ескере отырып жаңарады және өзгереді. Оларды жүзеге асыратын әдістер мен тетіктер пайдаланылатын байланыс арналарының орны мен уақытша өзектілігін мұқият есепке алуға бағытталуы керек [1, 120 б.].

Жаңа ақпараттық технологиялар артықшылықтары: аудиторияның айтарлықтай өсуі; жаһандық қамтылу; хабарламалардың жедел жариялануы; түрлі тарату арналарының болуы; интерактивтілік. Жаңа ақпараттық технологиялар кемшіліктері: дербес деректердің таралып кету қаупі; тұрғындарды толыққанды қамту мүмкіндігінің аздығы; кері байланыс жиі «қолдан жасалуы» мүмкін; жаңа ақпараттық технологияларды реттеу саласындағы заңнаманың жеткіліксіз толық болмауына байланысты саяси процесте ЖАТ пайдалану жөніндегі қызмет этикалық және рұқсат етілген шектерден шығып кетуі мүмкін; мәдени ерекшеліктерді ескерудің жоғары қажеттілігі [2].

А.А. Петрик Интернеттегі саяси жарнаманың мынадай артықшылықтарын көрсетеді: интерактивтілік; қаржыны үнемдеу; уақытты үнемдеу; геотаргетинг; жалықтырмайды; мақсатты аудиторияға жақындық. Интернеттегі саяси жарнаманың кемшіліктері: ірі қалалардан тыс жерлерде жоғары жылдамдықты Интернеттің толық немесе ішінара болмауы осы ай-

мақтағы адамдардың жарнамаға еркін қол жеткізуін шектейді; Интернет технологиясын білмеу; жалған статистика [3].

Шетелдік тәжірибе көрсеткендей, интернет-арналар арқылы көрсетілетін саяси жарнама жас сайлаушыларды тарта алды. Алынған нәтижелер бәрі тең болған жағдайда, сайлау науқанында интернет-кеңістікті тиімді пайдалана алатын адам сайлау жарысында жеңіске жететіндігін дәлелдейді [4, 33 б.]. Қолданылатын мақсатты таргетинг тәсілдеріне мыналар жатады: жарнама алаңдарын таңдау; тақырып бойынша таргетинг; географиялық таргетинг; уақытша таргетинг; әлеуметтік-демографиялық таргетинг [4, 35–36 бб.].

Саяси жарнама, әдетте, ақпараттық болып табылады және қоғамдағы ең аз білетіндер арасындағы ақпараттық алшақтықты төмендеткенімен, кандидаттардың қалауына үлкен өзгеріс әкелмейді. Пікірлерді өзгертудің қолданыстағы модельдеріне сүйене отырып, саяси жарнаманың ақпараттық артықшылықтары хабардар болу деңгейіне байланысты өзгереді [5].

Интернет азаматтардың үлкен тобын саяси және қоғамдық өмірге қатысуына ықпал етеді. Психологиялық тиімділік тұрғысынан Интернетте саяси жарнаманы орналастыру мүмкіндігінше тиімді. Саяси жарнамада жаңа технологияларды пайдалану электораттың үгіт-насихат жұмыстарына көзқарасын өзгерте алады және «лас» технологияларды пайдаланбауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, Интернет арқылы сайлаушылардың белгілі бір топтарына, әсіресе белсенді жастарды жарнамалық ақпараттар арқылы қолдаушылар ретінде тартуға болады.

Алғыс білдіру

Ғылыми-зерттеу жұмысы «Болашақ» Ғылыми-зерттеу институты жанындағы Әлеуметтік-экономикалық және саяси зерттеулер орталығының «Саяси жарнаманың Қазақстан Республикасында дамуы (2008 жылдан бастап бүгінгі күнге дейін)» университетішілік жобасы шеңберінде орындалып, университет құрылтайшысының қаржыландыруымен жарық көрді.

Әдебиет:

1. Рыжова Т.О. Новые технологии и интернет в политической рекламе: российские и американские реалии // Альманах теоретических и прикладных исследований рекламы. — 2011. — № 1. — С. 120–129.
2. Виноградов Д. О., Антуганов К.А., Томилина Д.А., Дмитриенко Н.В., Еремчук О.М. Роль новых информационных технологий на примере президентских гонок разных стран // Век информации. — 2019. — Т. 3. № 2 (7). [https://doi.org/10.33941/age-info.com32\(7\)015](https://doi.org/10.33941/age-info.com32(7)015)
3. Петрик А.А. Виды политической рекламы в интернете // [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://labipt.com/types-of-political-advertising-on-the-internet/>
4. Лысенкова М.Ф. Особенности политической интернет-рекламы // Политика и общество. — 2012. — № 2 (86). — С. 32–37.
5. Valentino N.A., Hutchings V.L., Williams D. The impact of political advertising on knowledge, internet information seeking, and candidate preference // Journal of Communication. — 2004. — № 54 (2), P. 337–354.

Жаһандық қаржы-экономикалық дағдарыс түсінігі

Мадазимова Қарлығаш Турахметқызы, магистрант
Қызылорда «Болашақ» университеті (Қызылорда қаласы, Қазақстан)

Әлемдік экономикалық дағдарыс 2008 жылдан бастап күрт өзгерістерге ұшыратқан әлемдік экономиканың дағдарыстық жағдайы. Әр елдер мен аймақтар дағдарыстың өткір кезеңінен түрлі уақытта, 2009 жылдан 2013 жылға дейін шықты және оның салдары әлі де жалғасуда. Ол АҚШ-та басталған қаржы дағдарысынан бастау алды. Оның көлемі мен салдарын 1930 жылдардағы Ұлы депрессиямен салыстыруға болады. 2009 жылы әлемдік ЖІӨ екінші дүниежүзілік соғыстан бері алғаш рет теріс динамиканы көрсетті. Сондай-ақ әлемдік сауда рекордтық (10 пайыздан астам) деңгейде қысқарды, ол 2011 жылға қарай көлемін қалпына келтірді. АҚШ пен еуроаймақ экономикасының құлдырауы 2009 жылдың екінші тоқсанында аяқталды, алайда 2011 жылы Еуроаймақта екінші рецессия басталды, ол 2013 жылға дейін созылып және тарихтағы ең ұзаққа созылған ахуал саналады [1].

Р.И. Хасбулатов қаржылық дағдарыстың жалпы себептері мынада деп ойлайды:

1. Дамыған елдердің әлемдік және ұлттық экономикалары динамикасының циклдік сипаты және әлемдік экономиканың негізгі орталықтарында («Ұлы триада») осы процестерді синхрондауды күшейту.

2. Саяси тұрақсыздық пен әлемнің түрлі аймақтарындағы қарулы қақтығыстар қаупінің жалпы өсуі аясында әлемдік экономика мен әлемдік қаржының жаһандануы әлемдік экономиканың тұрақсыздығы мен капитал ағындарының жаһандық қозғалысын күшейтеді.

3. Мұнайдың жоғары бағасының несиелік капитал қозғалысына нақты әсері, осы өнімге баға белгілеудің «классикалық» баға қалыптастырудан «үзіп қалуы» және әлемдік қаржы орталықтарына «еркін ақшаның» үлкен ағындарының «қысымы» «құнсыздандуды» құрды және сәйкесінше жалған капитал ауқымын ерекше өсірді.

4. Ірі қаржылық капитал саласындағы бәсекелестікті жою, бәсекелестікті басатын жаһандық монополизмнің өсуіне әкелетін процестерді қалыптастыру.

5. АҚШ, ЕО және Жапониядағы менеджменттің тиімділігі мен сапасының төмендеуі, үстеме пайда табу мақсатында оларға жол берілетін негізсіз тәуекелдер.

6. Екінші дүниежүзілік соғыстың соңында әлемдік қаржы жүйесін реттеу үшін құрылған Бреттон-Вудс қаржы институттарының дағдарысы, қазіргі заманғы жағдайға сәйкес келетін ұлттық қаржы ағындарының қозғалысын реттейтін институттардың болмауы.

7. Әлемнің көптеген елдерінің (дамыған және өтпелі экономикалардың) қазіргі заманғы қаржы-экономикалық саясатының негізіндегі әдіснамалық базаның (либералдық-монетарлық тәсілдердің бірегейсіздігі [2, 30 б.].

– Дағдарыстың сипаты мен ерекшеліктерін айту барысында мыналарға мән берген жөн. Біріншіден, 2008–2009 жылдардағы оқиғалар шын мәнінде қазіргі индустриялық орталықтардың жаһандық экономика моделінің дағдарысын куәландырады. Соңғы жылдары нарықтық экономиканың этапы, технологиялық жетістіктер мен инновациялардың көшбасшысы ретінде саналатын АҚШ және осы елдің әлемдік экономика мен жалпы әлемдік тәртіптің даму жолдары мен түрлері туралы идеялары мен тұжырымдамалары туралы айтып отырмыз.

– Екіншіден, жаһандық құлдыраудың себептері тек экономикаға байланысты емес. Дағдарыс, сайып келгенде таза экономикалық емес. Оның жалпы негізі — ескі жүйенің тозуы және әлемдік тәртіптің жаңа жүйесінің қалыптасуы. Бұл экономиканың нақты және қаржы секторларындағы ауытқулардың шиеленісуімен бірге жүреді. Бұл экономикаға ғана емес, қазіргі әлемнің саяси, идеологиялық және басқа ахуалдарға әсер еткен терең және көпжақты құрылымдық дағдарыста көрініс тапты.

– Үшіншіден, жаһандық экономика шеңберіндегі өзара іс-қимылдың жаңа деңгейіне шығу туралы мәселенің өзектілігі артты. Орнықты даму императивтері елдер мен өңірлердің барлық топтары арасында өзара тиімді және жүйелі байланыстарды қалыптастыру үшін жағдайлар мен алғышарттар жасау қажеттілігін айқындап береді. Дағдарыс дамушы нарықтардың өсіп келе жатқан маңыздылығын кешіктірді [3, 31–32 бб.].

Түрлі құлдыраулар, өндірістің тоқырауы және батыс елдеріндегі дағдарыстар барлық елдердің экономикасына кері әсерін беріп жатыр. Шетелдік нарықтың ықпалынан толықтай арылу мүмкін емес екендігін де білген жөн.

Алғыс білдіру

Ғылыми-зерттеу жұмысы «Болашақ» Ғылыми-зерттеу институты жанындағы Әлеуметтік-экономикалық және саяси зерттеулер орталығының «Қазақстанның экономикасына жаһандық қаржы-экономикалық дағдарыстың ықпалы» университетішілік жобасы шеңберінде орындалып, университет құрылтайшысының қаржыландыруымен жарық көрді.

Әдебиет:

1. Мировой экономический кризис (с 2008) // [Электронный ресурс].— Режим доступа: [https://ru.wikipedia.org/wiki/Мировой_экономический_кризис_\(с_2008\)](https://ru.wikipedia.org/wiki/Мировой_экономический_кризис_(с_2008))
2. Хасбулатов Р.И. Глобальный финансовый кризис: причины и последствия // Век глобализации.— 2008.— № 2.— С. 30–45.
3. Холодков Н. Глобальный финансово-экономический кризис // Свободная мысль.— 2013.— № 1 (1637).— С. 19–32.

«Музыканың үлкен кітабындағы» әл-Фарабидің өнер теориясын құру әдістері

Медетбаев Тасбулат Сиезбайұлы, филология ғылымдарының кандидаты, доцент
Қызылорда «Болашақ» университеті (Қызылорда қаласы, Қазақстан)

Әл-Фараби өзінің «Музыканың үлкен кітабында» эстетикалық мәселелермен қатар өнерді теориялық жақтан негіздеу үшін жеке (пән) немесе өнер ретінде жалпы түрде алып қарайды. Музыка мен өнердің басқа түрлеріне қатысты мәселелерді зерттеу үстінде әл-Фараби «Музыканың үлкен кітабы» негізін басшылыққа ала отырып оны эксперимент әдіс арқылы оны теориялық мәселелерді шешуде қолдана білді. Музыка теориясының негізін жасауда Пифагор мектебінің шәкірттері-Аристоксен, Гиппас, Терентский, Понтийский және басқаларының еңбегі өте зор.

Әл-Фараби «Ғылымдардың классификациясы» деген еңбегінің музыкаға арнаған тарауында, музыка ғылымы жайлы былай дейді (1, 115 б.):

«Музыка ғылымының» практикалық және теориялық екі жағы бар. Практикалық жағына — музыкалық аспаптар арқылы орындалатын шығармалар — өнер жатады, ал теориялық біліміне — ырғақты /әнді/ шығарудың ережесі мен заңы білім мен музыка шығармаларды шығару әдісі жатады. Музыканың теориялық жағы бес бөлімнен тұрады: 1) дыбыстардың шығарудың көзі — негізгі принциптері туралы; 2) дыбыстарды шығарудың әдістері, түрлері және олардың өзара қатынастары туралы; 3) дыбыстардың музыкалық белгілерін, ырғақты анықтау туралы; 4) өлшем, ритмика және оларды үйрену туралы; 5) ритм және ырғаққа негіздеп музыкалық әндер шығару.

Әл-Фарабидің жоғарыда аталған музыкаға арналған еңбектерінің арасынан көлемі кіші — кіші екі томға жуық «Музыканың үлкен кітабы» атты көлемді трактатын айырықша айтқан жөн (2, 72 б.).

Әл-Фараби бұл кітабында музыканың шығу себептерін, музыкалық эстетиканы, музыкалық аспаптардың түрлерін және музыкалық ғылымын ол теориялық /эстетикалық/ тұрғысынан баяндайды. Мәселен, әл-Фараби Пифагордың музыка теориясында болмаған тоғыз қатарлы квинталық жүрісті пайдаланып, «ре-диез» және «фабемоль» деген энгармониялы дыбыстарды шығарып алған. Ал, Пифагор теориясында ол алты қатарлы квинталық жүріс деп аталады. Әл-Фараби шығарған тоғыз қатарлы квинталық жүрістердегі дыбыстар: «соль», «ре», «ля», «ми», «фа» — диез, «соль-диез». Ол үшін «до» дыбысы шектің ұзындығы 6-і аламыз. Сонда «до» дыбысы шегінің ұзындығының 2/3-не тең дыбыс «соль» деп аталады. Жоғары октавада тұрған шек ұзындығы «роль» дыбысының шек ұзындығына не тең «ре» дыбысы жоғары көтерілетін екінші қатарлы квинталық жүрістен алынды. Берілген октавадағы «ре» дыбысы шек ұзындығын алу үшін шекті екі есе ұзарта алатындай етіп октавалық жүрісті төмен жүргіземіз. «Ля» дыбысы шек ұзындығы тең «ре» дыбысының үшінші қатардағы квинталық жүрісінен алынады.

Жоғары октавада тұрған шек ұзындығы «ля» дыбысының шек ұзындығының тең «ми» дыбысы, жоғары көтерілетін

төртінші қатарлы квинталық жүрістен алынды. Міне, осы принциптердің пропорционалдық негізіне сүйене отырып, «ре-диез» дыбысын да шығарып алуға болады. Сонда, «ре-диез» дыбысының көрсеткіштік интервалы = болады. Бұл қарастырған музыкалық ұғымдар музыка тарихындағы теориялық жүйенің арқауы ретінде келген — терция мәселесіне жатады. Мәселен, Пифагор теориясында үлкен терция немесе «ми» дыбысының көрсеткіш интервалы 64/81 болса, ол кіші Пифагор немесе «ми-бемоль» дыбысының көрсеткіш интервалы 27/32. Сонымен бұл дыбыстар аздап кернеңкіреп шығады және диссонанттырақ болады. Олай болса, бұл нәтижелерге қарап, грек музыка теориясы бұл дыбыстарды консонансқа қоса алмады, тек диссонансқа жатқызды. Бұл теория жөнінде біздің жыл санау эрамыздың бірінші ғасырында өмір сүрген Дидим Александрийский Пифагор түзілісіндегі көрсеткіш интервалдары 64/81 және 27/32 болатын терциялық дыбыстарды таза дыбыс шығаратын 4/5 және 5/6 дыбыстарды ауыстыру керек деген дұрыс емес пікірді айтты.

Музыка тарихында бабамыз әл-Фараби бірінші рет жоғарыда аталған музыкалық терциялардың консонансқа қосылатыны жөніндегі бірден-бір тура дұрыс пікірді айтты және оны математикалық тұрғыдан графикалық жолмен түсіндіріп берді. Ол үшін, әл-Фараби Пифагор терцияларын өз теориясындағы таза құрылыстың терцияларымен, яғни энгармониялы интервалдармен алмастырды.

Сонымен әл-Фараби таза құрылымның терциясына сүйене отырып, ырғақтың гармонизациялануын тек қана октава, кванта және кварта арқылы емес, гармониялы ойларды дамытуға себебін тигізетін терциялармен түсіндіреді. Пифагорлық терцияларды таза түзілістің терцияларымен алмастыру және оның консонанстық сипатын мойындау ғылымда жаңа музыкалық түзіліс жасаудың кілті болды. Мұнда музыкалық түзіліс Батыс европада тек XVI ғасырда Италия ғалымдары Фольяни мен Царлино еңбектерінде болса, ал орта Шығыста әл-Фараби және оның шәкірті Ибн Сина т.б. еңбектерінде шешіледі.

Әл-Фарабидің музыкалық теориясы Шығыс ғалымдары тарапынан үлкен қолдау тауып, әрі қарай дамытылды. Мәселен Ибн Сина еңбектерінде әл-Фараби идеялары барынша насихатталып, кемендендіріледі. Шығыстың XV ғасырдағы ұлы ақыны және музыканты Әбдірахман Жәми «Музыка жайлы трактат» деген еңбегінде әл-Фарабиді ұлы музыка теоретигі және композитор деп бағалайды. Әбдірахман Жәмидің өзі әл-Фарабиден музыка жөнінде көп үлгі-өнеге алған.

Қазіргі Египеттің көрнекті ғалым-тарихшысы Осман Амин, әл-Фарабидің «Ғылымдардың классификациясы» деген еңбегіне аса жоғары баға береді. Әсіресе, бұл трактаттың музыка жөніндегі бөлімі Шығыс және Батыс елдерінде музыка ғылымын дамытуға оның өте зор үлес қосқанын айтқан. Расында, әл-Фарабидің музыка жайлы айтқан ой-пікірлері, та-

пқан ғылыми жаңалықтары XII ғасырдан бастап Европада кеңінен мәлім бола бастаған.

XVIII ғасырдағы атақты философ және ғалым Роджер Бэкон әл-Фарабиден музыка теориясы бойынша көп нәрсе үйреніп, тәлім-тәрбие алғанын мойындайды. Сонымен, қорыта келгенде, әл-Фарабидің музыка ғылымы туралы еңбектерінің жалпы мәдениетіміз бен ғылымымызды дамытудағы алатын орны өте үлкен.

Әдебиет:

1. Әл-Фараби. Философиялық трактаттар.— Алматы: Ғылым, 1973.— 446 б.
2. Аль-Фараби. Большая книга о музыке. Алматы: Ғылым, 1993.— 448 с.

Отанға деген құрмет, сыйластық тәрбиелі ұрпақты қалыптастырады

Мұратқызы Айжамал, студент

Ғылыми жетекшісі: с.ғ.к., қауымдастырылған профессор М. Ө. Насимов

Қызылорда «Болашақ» университеті (Қызылорда қаласы, Қазақстан)

Жалпы қазақ халқының «Туған жер» дегенде тұла бойы керекше сезімге бөленеді. Себебі кіндік қаны тамып, тәрбие алып, көріп өскен жері болғандықтан ыстық сезіледі. Қай елдің, қай жердің түкпірі болмасын туған жерге деген сезім мен махаббаттың өлшеуі шексіз. Өскелең ұрпағымыздың қаны мен санасына дарыту үшін осы «Туған жер» бағдарламасы жүзеге асып жатыр. Қазақ халқы үшін атам заманнан туған жер мәселесі қашанда алғашқы орында тұрған. Кең байтақ жеріміз бізге оңай жолмен келмеген. Себебі ата-бабаларымыз бұл жерді қасық қаны қалғанша айқасып, білектің күші, найзаның ұшымен қорғап бізге тарту етті. Ұлан-ғайыр жерімізді сақтап, келер ұрпаққа аманат ету біздің парызымыз. Өз отаныңа деген құрмет, патриоттық сезім, туып өскен жеріңе деген сүйіспеншіліктен басталады.

«Туған жер» бағдарламасы [1] — халықтың өткені мен бүгінгі сабақтастыратын, ұлтшылдықтың темір қазығы. Бұл бағдарлама мемлекетіміз үшін, еліміз үшін, жас ұрпақ үшін тарихи маңызы зор. Сол себепті осы бағдарлама тыңғылықты жүзеге асырылып, өз дәрежесінде орындай алсақ, тарихи құндылықтарымызды ұрпақ санасына жеткізіп, ғылыми жаңалықтарға кеңейтер едік. Жүзеге асыру үшін елім деген әр азамат үлес қосуы керек.

Әрбір жас үшін ұлан-ғайыр қазақ елінің асыл мұраларының мән-мағынасын, құндылығын біліп, көкейге түйіп өскені абзал. «Туған жер» арқылы ұрпағымызды елжандылыққа тәрбиелеу үшін кіндік қаны тамған жерінің экологиялық жағдайына көңіл бөліп, таза ұстауға ұмтылу керек. «Туған жер» бағдарламасы айқындалған мақсатты жүзеге асыруға бағытталған 4 кіші бағдарламадан тұрады [2]:

1. «Тәрбие және білім», бұл — қазақстандық патриотизм үлгісінде жан-жақты дамыған тұлғаны тәрбиелеу;
2. «Атамекен», бұл — қазақстандықтардың кіші Отаны алдындағы жауапкершілігін күшейте отырып, олардың азаматтық белсенділігін арттыру;

Алғыс білдіру

Ғылыми-зерттеу жұмысы «Болашақ» Ғылыми-зерттеу институты жанындағы «Руханият» ғылыми-зерттеу орталығының «Сыр бойының рухани мұрасы» университетішілік жобасы шеңберінде орындалып, университет құрылтайшысының қаржыландыруымен жарық көрді.

3. «Рухани Қазына», бұл — туған аймақтың тарихы мен мәдениетіне, салт-дәстүріне қызығушылықты ояту, құрметтеуге баулу;

4. «Ақпарат толқыны», бұл — Бағдарлама туралы халықты ақпараттандыру, азаматтардың жүзеге асырылып жатқан жобаларды қоғамдық бақылау жасауы үшін ақпараттық инфрақұрылым жасақтау.

Жоба аясында бүкіл ел бойынша 700-ден астам жоба жүзеге асырылды. Осы бағдарламалардың арқасында отандастарымыз өз елінің рухани құндылықтарын, өз халқының тарихын, мәдениетін, салт-дәстүрін, әдет-ғұрыптарын құрметтеп, отансүйгіштік, рухани болмысы арта түсті десек те болады.

«Туған жер» бағдарламасы қазіргі таңда екі бағыт бойынша жүзеге асырылуда: өлкетанулық қызмет және меценаттықты дамыту. Меценаттардың қолдауының арқасында ауруханалар, мәдениет үйлері, мектептер, балабақшалар, спорт нысандары және т.б салынды және жөндеуден өткізілді.

Қорытындылай келе, өскелең ұрпағымыз бен халқымызды өз еліне деген сүйіспеншігі мен елжандылығын, ұлтжандылығын артуымыз керек. Болашағым жарқын болуы үшін ұрпағымызға тәлім-тәрбие мен білімді үйретуіміз қажет. Бұл бағдарлама арқылы біз ұлттық кодтан және ұлттық болмыстан айырылмай, әлемдік құндылықтармен үйлестіре отырып, қазақ жерінің игілігіне жарату жолындағы мақсатқа жетеміз.

Алғыс білдіру

Тезистер «Рухани жаңғыру: қоғамдық сана мен тарихи сананы жаңғырту» пәні және «Болашақ» Ғылыми-зерттеу институты жанындағы Әлеуметтік-экономикалық және саяси зерттеулер орталығының «Сананы жаңғырту бағыттарының мәні, мазмұны және түсініктері» университетішілік жобасы шеңберінде орындалып, университет құрылтайшысының қаржыландыруымен жарық көрді.

Әдебиет:

1. Туған жер — жалпыұлттық патриотизмнің қайнар бұлағы // Almaty Aqshamy.— 2018.— 15 қазан.
2. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы: Туған жер жобасы // kazinform.

«Скопус» базасындағы «Саяси жарнама» түсінігінің көрсеткіштері (2019–2020 жылдар)

Насимов Мурат Орленбаевич, саяси ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор
Қызылорда «Болашақ» университеті (Қызылорда қаласы, Қазақстан)

Ғалымдар үшін рейтингтік журналдарда жарияланған маңызды. Оның танымал базаларда индекстелуіне ерекше көңіл бөлеміз. Осы уақытқа дейін аталмыш мәселеге көңіл бөлгенбіз [1]. Бұл жолы біз соңғы 2 жылда индекстелген қолжазбаларға назар аударуды жөн санадық. Әрине алдағы уақытта 2020 жылда өзгерістер болуы ықтимал.

«Скопус» библиографиялық және реферативтік базасынан «political advertising» кілт сөзі арқылы барлығы 643 (соңғы талдаудан кейін 59 материал қосылған), «political advertisement» кілт сөзі бойынша 166 (соңғы талдаудан кейін 59 материал қосылған) материал табылды.

Байқалып тұрғандай ғалымдардың басым бөлігі «political advertising» ұғымын қолданады. Зерттеу салалары бойынша кілт сөздер бірнеше салаларда пайдалануға болатындықтан, жылдар бойынша көрсеткіштер төмендегідей: 2019 жыл — 37 (соңғы талдаудан кейін 6 материал қосылған); 2020 жыл — 45.

Осы жылдар бойынша аталмыш кілт сөзбен ең көп бірлескен зерттеу жұмыстарын АҚШ-тың Коннектикут штатындағы Мидлтаун қаласында орналасқан гуманитарлық университет болып табылатын Уэслиан университетінің ғалымы Э.Ф. Фаулер жариялаған. Жарияланған 7 еңбекте қалталы азаматтардың саяси жарнамаларға демеушілік жасауы, 2011–2012 және 2015–2016 жылдардағы АҚШ-тағы саяси жарнамадағы халықтың денсаулығына қатысты мәселелер, 2018 жылғы саяси жарнама тенденциялары мен демократиялық артықшылықтарды бағалау, АҚШ-тағы төрт сайлау цикліндегі (2012–2018) саяси жарнамадағы «қару», мемлекеттік және жеке

теледидардағы бәсекелес жарнамалық науқандар, саяси жарнамадағы ерлер мен әйелдер дауыстарының ықпалы, мүдделер тобының жарнамалық мазмұны туралы ақпаратқа қол жеткізу мәселелері талданған [2].

Жылдың алғашқы 1 айы өтседе 2021 жылы базада осы кілт сөзбен 3 мақала индекстеліп үлгерген. З. Десаи және Дж. Дагган мүдделер тобының және жарнамалық науқанның әсер ету моделін зерттеген [3]. Жоғарыда еңбектері талданған Э.Ф. Фаулер осы жылы онлайн және офлайн саяси жарнама мәселелерін бірлесіп талдаған [4]. Саяси және әлеуметтік мүдделерге жақын телешоулардың контенттеріндегі генетикалық алгоритмді табудағы біріккен мәліметтер негізіндегі жеке артықшылықтарды зерттеуде саяси жарнамаға қатысты мәселелерді айқындайды [5].

«Political advertisement» ұғымы базада 2019 жылы 11, 2020 жылы 17 рет кездеседі. Бұл ұғымды қолданған ғалымдар арасынан Б. Гронбекті ерекше айта аламыз. Ол президенттік науқандарда кандидаттар жасаған имидждер бойынша кіріспеде [6, 15–18 бб.] және негативті саяси жарнама және американдық өзін-өзі бейнелеу мәселелерінде [6, 60–81 бб.] осы ұғымды пайдаланған.

Осы жылы К. Арнольд-Мюррей [7] саяси науқандардың жарнамаларындағы мультимодальды диалог мәселесіне мән берген. Автордың диалог құрудағы әртүрлі семиотикалық ресурстардың маңызды рөлі туралы тұжырымдары лингвистикалық стратегияларды талдау үшін мультимодальды тәсілдерді қолданудың маңыздылығын көрсетеді. Ғалым саяси жарнамадағы диалогтың мультимодальды құрылысын әртүрлі се-

Кесте 1. «Скопус» библиографиялық және реферативтік базасынан «political advertising» кілт сөзі арқылы табылған материалдар саны: 2019–2021 жылдар (01.02.2021 к рсеткіш)

№	Зерттеу саласы	Саны	№	Зерттеу саласы	Саны
1	Social Sciences	63	7	Engineering	4
2	Arts and Humanities	13	8	Mathematics	3
3	Business, Management and Accounting	12	9	Medicine	2
4	Computer Science	12	10	Environmental Science	1
5	Economics, Econometrics and Finance	7	11	Materials Science	1
6	Psychology	5	12	Multidisciplinary	1

миотикалық ресурстарды қолдана отырып талдаған. Арнольд-Мюррей экрандағы мәтін, импортталған бейнелер мен аудиожазбалар, дене қимылдары, дискурсивті құрылымдар және осы семиотикалық ресурстардың қайталануы мультимодальды диалог құрады деп қорытындылайды.

Қорыта айтқанда, берілген жұмыстар саяси жарнама саласы бойынша зерттеулерді жалғастырып отыр. База үнемі жаңартылып отыратындықтан, зерттеу мәселесінің өзектілігін алдағы уақыттағы көрсеткіштерден біле аламыз.

Алғыс білдіру

Ғылыми-зерттеу жұмысы «Болашақ» Ғылыми-зерттеу институты жанындағы Әлеуметтік-экономикалық және саяси зерттеулер орталығының «Саяси жарнаманың Қазақстан Республикасында дамуы (2008 жылдан бастап бүгінгі күнге дейін)» университетішілік жобасы шеңберінде орындалып, университет құрылтайшысының қаржыландыруымен жарық көрді.

Әдебиет:

1. Насимов М. О. «Скопус» базасындағы «Саяси жарнама» түсінігінің көрсеткіштері // Молодой ученый.— 2020.— № 9.1 (299.1).— С. 24–26.
2. Rhodes S. C., Franz M. M., Fowler E. F., Ridout T. N. The role of dark money disclosure on candidate evaluations and viability // Election Law Journal: Rules, Politics, and Policy.— 2019.— № 18 (2).— P. 175–190
3. Fowler E. F., Baum L. M., Jesch E. b, Haddad D., Reyes C. Gollust S. E., Niederdeppe J. Issues relevant to population health in political advertising in the United States, 2011–2012 and 2015–2016 // Milbank Quarterly.— 2019.— № 97 (4).— P. 1062–1107
4. Fowler E. F., Franz M. M., Ridout T. N. The blue wave: Assessing political advertising trends and democratic advantages in 2018 // PS — Political Science and Politics.— 2020.— № 53 (1).— P. 57–63
5. Barry C. L., Bandara S., Fowler E. F., Baum L., Gollust S. E., Niederdeppe J., Hendricks A. K. Guns in political advertising over four US election cycles, 2012–18 // Health Affairs.— 2020.— № 39 (2).— P. 327–333
6. Shafer P. R., Anderson D. M., Aquino S. M., Baum L. M., Fowler E. F., Gollust S. E. Competing public and private television advertising campaigns and marketplace enrollment for 2015 to 2018 // RSF.— 2020.— № 6 (2).— P. 85–112
7. Searles K., Fowler E. F., Ridout T. N., Strach P., Zuber K. The effects of men’s and women’s voices in political advertising // Journal of Political Marketing.— 2020.— № 19 (3).— P. 301–329
8. Franz M. M., Fowler E. F., Ridout T. N. Accessing information about interest group advertising content // Interest Groups and Advocacy.— 2020.— № 9 (3).— P. 373–383.
9. Desai Z., Duggan J. A model of interest group influence and campaign advertising // Quarterly Journal of Political Science.— 2021.— № 16 (1).— P. 105–137.
10. Fowler E. F., Franz M. M., Martin G. J., Peskowitz Z., Ridout T. N. Political advertising online and offline // American Political Science Review.— 2021.— № 115 (1).— P. 130–149.
11. Padmanabhan B., Barfar A. Learning individual preferences from aggregate data: A genetic algorithm for discovering baskets of television shows with affinities to political and social interests // Expert Systems with Applications.— 2021.— № 168.— 114184.
12. Presidential Campaigns And American Self Images / Edited by A.H Miller, B. E. Gronbeck.— Taylor and Francis, 2019.— 306 p.
13. Arnold-Murray K. Multimodally constructed dialogue in political campaign commercials // Journal of Pragmatics.— 2021.— № 173.— P. 15–27.

Арт-терапия әдісін мүмкіндігі шектеулі тұлғаларды оңалтуда қолдану

Рысқұлова Айгерім Әскербекқызы, әлеуметтік ғылымдар магистрі
Қызылорда «Болашақ» университеті (Қызылорда қаласы, Қазақстан)

Арт-терапия мүмкіндігі шектеулі тұлғаларды оңалту құралы ретінде ежелгі уақыттан бері қолданылып келеді. Өнер адамдардың өзіне және өз күшіне сенуіне көмектесетіні ерте заманнан бері белгілі болды. «Арт-терапия» терминін Адриан Хилл (1938) өзінің санаториясында туберкулезбен ауыратын науқастармен жұмысын сипаттағанда енгізген. Бұл термин ауруханалар мен психикалық денсаулық орталықтарында өткізілетін өнердің барлық түрлеріне қатысты қолданылған. Арт-терапия — бұл өнерге негізделген психотерапияның ма-

мандандырылған түрі, ең алдымен визуалды және шығармашылық қызмет [1].

Бастапқыда арт-терапия З. Фрейд пен К.Г. Юнгтың теориялық идеялары аясында пайда болды, кейінірек К. Роджерс пен А. Маслоудың тұлғаны дамытудың гуманистік модельдерін қоса алғанда, неғұрлым кең концептуалды негізге ие болды. Арт-терапияның басты мақсаты — өзін-өзі көрсету және өзін-өзі тану қабілетін дамыту арқылы жеке тұлғаның дамуын үйлестіру. Классикалық психоанализ өкілі тұрғысынан арт-те-

рапиядағы түзету әрекетінің негізгі механизмі сублимация механизмі болып табылады. Юнгтің пікірінше, өнер, әсіресе аңыздар мен мифтер өнерді қолданатын арт-терапия, санасыз және саналы «Мен» арасында жетілген тепе-теңдікті орнату негізінде адамның өзіндік дамуының даралану процесін едәуір жеңілдетеді [2].

Бұл жерде арт-терапевтік өзара әрекеттесудің маңызды техникасы — саналы және бейсаналықты бетпе-бет келтіруге және тиімді өзара әрекеттесу арқылы оларды бір-бірімен үйлестіруге бағытталған белсенді қиял техникасы. Гуманистік бағыттың өкілі тұрғысынан арт-терапияның түзету мүмкіндіктері клиентке өзінің «Менін» дәлелдеу және тану, шығармашылық өнімдерінде өзін-өзі көрсету мен өзін-өзі тану үшін іс жүзінде шексіз мүмкіндіктер беруімен байланысты. Оның дүниеге деген аффективті қатынасын дәлелдейтін өнімдер, байланыс процесін жеңілдетеді және басқалармен қарым-қатынас орнатады [2].

Мүмкін болатын тағы бір түзету механизмі ретінде, екі бағыттың жақтаушыларының пікірінше, шығармашылық процесің өзі шындықты зерттеу, зерттеуден бұрын жасырылған жаңалықтарды тану, тараптар және осы қатынастарды бейнелейтін өнімді жасау деп қарастыруға болады. Арт-терапияны негізгі әдіс ретінде де, көмекші әдістердің бірі ретінде де қолдануға болады. Арт-терапия әдісіне тән психологиялық түзету әсерінің екі негізгі механизмі бар. Бірінші механизм — өнердің ерекше символдық формада қайшылықты травматикалық жағдайды қалпына келтіруге және субъектінің шығармашылық қабілеттері негізінде осы жағдайды қайта құру арқылы оның шешімін табуға мүмкіндік береді [3]. Екінші механизм эстетикалық реакцияның табиғатымен байланысты, бұл «аффектің азаптан рахат әкелуге» әсерін өзгертуге мүмкіндік береді. Арт-терапия туралы әдебиеттерге шолу бұл көптеген әр түрлі формалар мен әдістерді қамтитын композициялық ұғым екендігін көрсетеді. С. Крагохвин арттерапияны сублимацияға, белсенді және проективті деп бөледі, алайда бұл бөлу әдістің

сыртқы сипатына негізделген және тек экспрессивті компонентке қатысты. Шетелдік психотерапияда арт-терапияны қолданудың 4 негізгі бағыты бар:

1) Бұрыннан бар өнер туындысын пациенттің талдауы және интерпретациясы арқылы емдеу үшін қолдану (пассивті арт-терапия). 2) Пациенттерді өз бетінше жасауға шақыру, ал шығармашылық акт негізгі емдік фактор ретінде көрінеді (белсенді арт-терапия). 3) Бірінші және екінші принциптерді бір уақытта қолдану. 4) Психотерапевттің өзінің рөлін, оның шығармашылығын оқыту процесінде науқаспен қарым-қатынасын атап өту [4].

Айқын қарапайымдылығына қарамастан, арт-терапия — бұл невроздарды, депрессияны, стресстік жағдайларды және мазасыздықты емдеудегі негізгі терапияны толықтыратын психотерапияның едәуір терең түрі. Осылайша, біз арт-терапияның коррекциялық-дамытушылық қызметтерін, оның түрлерін қарастырдық. Арт-терапияның мүмкіндіктері өзін-өзі реттеу мен мінез-құлқын бақылауды қалыптастыру, аффективті көріністерді тежеу қабілеті, сондай-ақ агрессивті әрекеттер мен қақтығыстардың өсуіне жол бермеу, әлеуметтік-мәдени және когнитивті даму сияқты маңызды міндеттерді шешуге мүмкіндік береді. Арт-терапия — бұл әлеуметтік педагогтардың мүмкіндігі шектеулі адамдармен жұмыс жасауының қуатты құралы деген қорытынды жасауға болады. Бұл адамның жалпы жағдайын жақсартуға, эмоционалды көңіл-күйді көтеруге, достар табуға және өзіңізге сенуге мүмкіндік береді.

Алғыс білдіру

Ғылыми-зерттеу жұмысы «Болашақ» Ғылыми-зерттеу институты жанындағы әлеуметтік мәселелерді психологиялық және дефектологиялық зерттеу орталығының «Мүмкіндігі шектеулі балалармен жүргізілетін түзету жұмыстары» университетішілік жобасы шеңберінде орындалып, университет құрылтайшысының қаржыландыруымен жарық көрді.

Әдебиет:

1. Социальная педагогика: учеб. пособие / Под ред. М. А. Галагузовой. — Москва: ВЛАДОС, 2003. — 416 с.
2. Арт-педагогика и арт-терапия в специальном образовании: учебник для вузов. — Москва: Академия, 2001. — 248 с.
3. Коган С. Оздоровление звуковым и изобразительным искусством. — Москва: Эксмо, 2000. — 359 с.
4. Ермолаев О. Ю. Математическая статистика для психологов: учебник. — 2-изд. — Москва: Московский психолого-социальный институт: Флинта, 2003. — 336 с.

Мүмкіндігі шектеулі тұлғаларды әлеуметтік оңалту жүйесін теориялық талдау тәсілдері

Рысқұлова Айгерім Әскербекқызы, әлеуметтік ғылымдар магистрі
Қызылорда «Болашақ» университеті (Қызылорда қаласы, Қазақстан)

Оңалту (франц. оңалту, латын тілінен аударғанда — қайтадан + *habilis* ыңғайлы, бейімделген) — бұл дене функциясының бұзылған немесе жоғалған функцияларын өтеу (немесе қалпына келтіру) және әлеуметтік оңалту мақсатында жүзеге

асырылатын медициналық, әлеуметтік және мемлекеттік шаралардың жиынтығы. Оңалту дегеніміз мүмкіндігі шектеулі тұлғаларға физикалық, интеллектуалдық, ақыл-ой және әлеуметтік тиімділік деңгейлеріне қол жеткізуге, оларды ұстап

тұруға көмектесу, сол арқылы олардың өмірін өзгертуге және тәуелсіздіктерін кеңейтуге мүмкіндік беретін жүйені білдіреді. Оңалту процесі тек медициналық көмек көрсетуді ғана қамтымайды. Ол бастапқы және одан көп жалпы оңалтудан бастап, мақсатты іс-шаралармен аяқталатын, мысалы, кәсіптік жұмыс қабілетін қалпына келтіруге дейінгі шаралар мен іс-шаралардың кең спектрін қамтиды.

М.А. Галагузованың ойынша, медициналық оңалту — бұл жалпы оңалту жүйесінің бастапқы буыны, науқас адамға ең алдымен медициналық көмек қажет. Сонымен, медициналық оңалту дегеніміз науқастың денсаулығын қалпына келтіруге бағытталған барлық терапиялық шаралар. Сонымен бірге медициналық оңалту — жәбірленушінің психологиялық дайындығы қажетті бейімделуден, қайта бейімделуден немесе оның кәсіби шеберлігі толық қалпына келтірілген жағдайда қайта даярлаудан бастап жүзеге асырылатын негізгі кезең; кейбір аурулар кезінде психологиялық дайындық науқас негізгі емдеуден бұрын басталуы керек [1].

Медициналық оңалтудың маңызды бөлімдерінің бірі — жәбірленушіге өзін-өзі күтуге қажетті дағдыларды ғана емес, оны пайдалы жұмысқа тартуға мүмкіндік беретін еңбек терапиясы. Психологиялық оңалту дегеніміз — дәрігердің науқас немесе мүмкіндігі шектеулі адамға олардың санасында үмітсіздік сезімін, емдеудің пайдасыздығы идеясын жеңу, емдеудің сәтті нәтижесіне деген сенімділікті арттыру мақсатында әсері деп түсінеміз, әсіресе кейбіреулерімен, аурудың ағымында шамалы ауысулар. Оңалтудың бұл формасы оңалту емдеудің бүкіл циклімен бірге жүреді [2].

Сонымен қатар Л.П. Храпылина әлеуметтік-экономикалық оңалту дегеніміз — бұл науқас немесе мүмкіндігі шектеулі тұлғаны жұмыс орнында оған қажетті және ыңғайлы тұрғын үймен қамтамасыз етуді, олардың қоғамның пайдалы мүшелері екендігіне сенімділікті сақтауды қамтитын шаралар кешені; мүмкіндігі шектеулі тұлғалардың еңбекке жарамсыздығы немесе үшін төлемдер, зейнетақы тағайындау арқылы материалдық қолдау [3].

Әлеуметтік реабилитация тұжырымдамасын Г. Беккер, П. Бергер, И. Гофман, Н. Васильева, Э. Дюркгейм, Т. Лукман,

Т. Парсонс, т.б. сияқты белгілі зерттеушілер мен ғалымдар еңбектерінде бірнеше рет қозғады. Әлеуметтік оңалтуды негізгі бағыттар аясында қарастыруға болады: әлеуметтену, әлеуметтік бейімделу, әлеуметтік нормативтілік және әлеуметтік бақылау, әлеуметтік мәселелерді шешуге экономикалық көзқарас, әлеуметтік мобильдік [4].

Егер П. Бергер мен Т. Лукманның теориясында әлеуметтік оңалту мен әлеуметтенудің арасындағы байланысты теориялық тұрғыдан шығаруға болатын болса, поляк зерттеушісі П. Штомпканың еңбектерінде бұл байланыс тікелей зерттелген. Бірақ бұл жерде әлеуметтену емес, қайта әлеуметтену процесі бірінші кезекте пайда болған мәдени үлгілерді қабылдау және табиғатында алдыңғы үлгілерге қарама-қарсы басқа үлгілерге жүгіну ретінде шығады [4].

Т. Парсонстың пікірінше, жалпы құндылықтардың тұлға құрылымын құрайтын қажеттілік-қатынастардың ішкі құрылымымен интеграциялану дәрежесіне байланысты. Тиісінше, әлеуметтік тепе-теңдікті сақтаудың екі әдісі бар — бұл әлеуметтендіру және әлеуметтік бақылау. Жеке тұлғаның әлеуметтік жүйеге интеграциялану процесі жалпы қабылданған әлеуметтік нормаларды интериоризациялау арқылы жүзеге асады [5].

Қарастырылған бұл тәсілдер баланы тәрбиелеудің жалпы жүйесіндегі әлеуметтік оңалту саласындағы маманның рөлін анықтайды. Оның міндеті — әр түрлі тәсілдерді қолдана отырып, әр түрлі қызмет түрлері мен қарым-қатынас процесінде мүмкіндігі шектеулі тұлғаның жеке басының дамуы үшін ішкі және сыртқы жағдайлар жасауды қамтамасыз ету.

Алғыс білдіру

Ғылыми-зерттеу жұмысы «Болашақ» Ғылыми-зерттеу институты жанындағы әлеуметтік мәселелерді психологиялық және дефектологиялық зерттеу орталығының «Мүмкіндігі шектеулі балалармен жүргізілетін түзету жұмыстары» университетішілік жобасы шеңберінде орындалып, университет құрылтайшысының қаржыландыруымен жарық көрді.

Әдебиет:

1. Социальная педагогика: учеб. пособие / Под ред. М. А. Галагузовой. — Москва: ВЛАДОС, 2003. — 416 с.
2. Качесов В. А. Основы интенсивной самореабилитации. — Москва: Академия, 2007. — 362 с.
3. Храпылина Л. П. Реабилитация инвалидов. — Москва: Экзамен, 2006. — 264 с.
4. Социальная работа с инвалидами / Под ред. Е. И. Холостовой, А. И. Осадчих. — Москва: Юрист, 1999. — 334 с.
5. Капська А. Й. Соціальна робота: навчальний посібник. — Київ: Центр учбової літератури, 2005. — 328 с.

Қазақ жеріндегі түркі руна жазба ескерткіштерінің сипаты

Еңсегенұлы Тоқболат, филология ғылымдарының докторы, профессор
Қызылорда «Болашақ» университеті (Қызылорда қаласы, Қазақстан)

Талас өңіріндегі мүсін және жазба тастарды тауып жария етуде және ондағы жазуларды оқып аударуда патшалы Россияның зиялы адамдары мен ғалымдары, өзге де шетел зерттеушілері ертеректен-ақ қолға алып, біршама жұмыстар атқарды.

Талас бойындағы мәдени ескерткіштердің алғаш назарға ілігіп, өзге елдерге таныла бастағанына бір ғасырдан астам уақыт

болды. Дәл көрсетер болсақ, Қазақ халқының жеріндегі Әулиеата өңірін басқарған (городской и уездной начальник) Василий Андреевич Каллаур 1888 жылы жазған «Әулиеатадағы тас мүсіндер» деген мақаласында Талас өзені бойындағы ежелгі ғасырлардан сыр шертетін, сол замандардың куәгері — көптеген мәдени ескерткіш тастар жайлы көзбен көрген, көңілге түйген қалпында баяндаған. Әрі сол мәдени мұралардың өзіндік сипатын ашып, тануға айрықша назар аударыпты.

Биліктің жауапты да мықты тұтқасын ұстаған В.А. Каллаурдың ондай іспен айналысуы, біздіңше, қызықтаушылық немесе еріккендік емес — Россия империясының көпқырлы саясаттарын мүлтіксіз орындауға берілгендіктің белгісі еді. Өйткені орыс патшасы Петр Бірінші (1672–1725 жж.) 1682 жылы ресми түрде патша тағына отырғаннан кейін Россияға бағынышты аймақтардағы көне мәдени мұраларды тауып игеру жөнінде арнайы тапсырма береді, содан бастап нақты іс-шаралар жүзеге асырыла бастады. Сол тұстан бастап орыс саяхатшылары шет аймақтағы халықтардың қымбат бұйымдарын Россия жеріне таси бастады. Талас жерінен табылған көптеген көне мұралар да талауға түсіп, қолы жеткендердің еліне жол тартты. Мәселен, Әулиеата уезінің бастығы В.А. Каллаур өзі жазған мақаласында бірнеше тас мүсіндерді сол уез басқармасы орналасқан кеңсе ауласына жеткізілгенін, тағы біразын Ташкенттегі Түркістан әуесқой археология үйірмесінің мұражайына жібергенін еркінсі мәлімдейді. Біздің бұл айтқанымызды Жамбылдық мәдениеттанушы, журналист К. Байбосынов пен М. Рысдәулеттің: «Кейбір деректер бойынша тас мүсіндердің басын сындырып алып, лауазымды адамдарға сыйлық ретінде беріп отырған. Ол ол ма Шу ауданы Төлеби ауылында алғашқы орыс қоныстанушылары бір үйдің іргесіне 8 тас мүсінді қалап жіберді деген сөз бар. Ертеде Жамбыл жерінен табылған тас ескерткіштер Ташкент, Санкт-Петербург, Мәскеу асқан»,— деп жазғаны нақтылай түседі [1].

Осы келтірілген деректің айқындылығына С.Е. Маловтың «Ашықтас елді мекенінен (қырғыз, тау жотасы) табылған руна белгісімен жазылған ағаш таяқша мемлекеттік эрмитражда сақтаулы»,— деп мәлімдегені негіз болады [2, 12 б.]. Орыстар қазақ халқын ұзақ уақыт «қырғыз» деп атағаны белгілі. Россия федерациясы шетелдерге әр түрлі жолмен өтіп кеткен өздерінің мәдени мұраларын үлкен-кіші демей ресми түрде қайтарып алып жатқанын күнде оқып, көріп отырмыз. Өз жерімізден табылған, өзге ел асып кеткен сондай қымбат көне дүниелерді неге қайтарып алуға әрекет жасамасқа? Әулиеата уезінің бастығы В.А. Каллаурдың Талас өзені бойындағы мәдени ескерткіштердің бірсыпырасын өзі басқарған қала орталығына жинағанын, бұл іс әрі қарай жалғасын тапқанын С.Е. Малов: «По сообщению А.К. Боровкова, камень с рунической надписью находился тогда во дворе »Дворца труда« вместе с двумя каменными бабами, двумя колонками и еще с каким-то предметом, который им назван »каменным креслом»,— деп баяндайды [3, 57 б.].

В.А. Каллаур Талас өзені өңірінен табылған мәдени ескерткіштердің қаншалықты маңызды мұра екенін білуді де айрықша есте ұстап, сол мәдени ескерткіштердің сыр-сипатын нақты анықтау үшін Россиядан арнайы мамандар мен ғалымдарды шақырыпты. Бұл мәліметтің растығына К. Байбо-

сынов пен М. Рысдәулеттің: «Ол 1894 жылы В.В. Бартольдқа тапқан таңғажайыптары туралы хабарлап, оны Тараз жеріне шақырған. Атақты шығыстанушы Әулиеата жеріне келіп, балбалдарды көріп, таңданған»,— деп жазғаны негіз болады [1]. В.В. Бартольдтың «таңданғаны» рас шығар. Себебі, ол руна жазуын аударумен айналыспаған.

Ал академик В.В. Радловтың Талас бойындағы жазба тастарды аударуға өз үлесін қосқаны анық, бұл жайлы бірнеше нақты деректер бар. Соның ішінде С.Е. Маловтың: «Жазбаның мәтіні жөнінде В.В. Радлов тарапынан істелгені: »Әулиеата уезінің Кенкөл болысындағы «Айыртама-ой» шатқалынан табылған тастағы көне түркі жазуы талданылды»,— деп жазғанын атап көрсету қажет-ақ [3, 57 б.]. Орыс билеушілерінің бірі В.А. Каллаурдың Талас өзені өңіріндегі көне заманнан жеткен мүсін және жазба тастарды да еркін иемденіп, өз билігін жүргізгені — жоғарыдан жеткен тапсырманың әсері болар.

Талас өзені бойынан табылған тастардағы көне түркі руна жазуларын аударуға бірсыпыра шығыстанушы ғалымдар ертеден-ақ белсене араласты. Бұл бағыттағы айтпақ ойымызды С.Е. Маловтың: «В 1896–1897 гг. в бассейне р. Талас (Казахская республика) около города Аулие-Ата, теперь г. Джамбул, В.А. Каллауром и финляндским археологом Гейкелем (вместе с Мунком и Доннером) было найдено пять камней с рунами (V–VI вв.). Переведены и изданы В.В. Радловым П.М. Мелиоранским, А. Гейкелем, Ю. Неметом и С.Е. Маловым»,— деп жинақтап жазған сөзімен білдіруге болады [2, 12 б.]. Енді осы тізіп аталған зерттеушілердің бір-екеуінің Талас жазбаларын аударуда, жария етуде қандай дәрежеде жұмыс жасағанын бағалау, саралау қажет-ақ.

Талас өзені бойынан осы кезге дейін көне түркі руна алфавитімен жазылған он бір мәдени ескерткіш табылып, халықаралық түркітанушы мамандарға, ғалымдарға белгілі болды. Кейінгі кезде бауырлас қырғызстан жерінен тағы бірнеше көне түркі руна жазба мұралары табылғаны белгілі. Қырғыз зерттеушілері жария еткен сол мәдени дүниелер де Талас жазба ескерткіштері тобына жатады. Бұл өңірден табылған, танымал болған он бір жазба ескерткіш бір санынан бастап қатарласа он бір санмен номерленіп (Т1-Т11), әрқайсысы жеке сандық белгіге ие болған.

Талас бір жазба ескерткішін (Т1) Әулиеата уезінің бастығы В.А. Каллаур 1896 жылы Талас өзені өңіріндегі Айыртама-ой шатқалынан тауып жария етті. Осы жазба тасты алғаш көріп, біліп хабарлаған кім екені жөнінде біршама талас пікірлер болды. Мысалға, Ташкент қаласынан шығатын «Правда Востока» газетінің 23 қыркүйек 1925 жылғы, № 214 (814) санында редакция атынан жарияланған хабарда бұл жазба ескерткішті экспедицияда болған М.М. Логинов пен Б.П. Денике тауып, мәлімдегені жазылған. Бұл дерекке профессор С.Е. Малов келіспейтінін білдіреді.

Ташкенттегі Орта Азия мемлекеттік университетінің шығыстану факультетінің студенті, кейін өзбекстанның белгілі ғалымы атанған А.К. Боровков профессор С.Е. Маловтың өтініші бойынша сол тастағы жазуды сызып көшіреді. Осы мәселеге байланысты А.К. Боровков 1926 жылы 20 шілдеде С.Е. Маловқа жазған хатында руна жазуы бар сол тас Әулиеата қаласындағы «Еңбек сарайы» деп аталатын мекеменің

ауласында өзге де бірнеше мәдени ескерткіштермен қатар сақтаулы тұрғанын, бұл жазба тас жайлы жергілікті тұрғын халық арасында аңыз әңгіме тарағанын мәлімдейді. Сол хаттағы келтірілген дәлелдерге сүйеніп С.Е. Малов руна жазулы тасты алғаш тапқан В.А. Каллаур екеніне сенетінін білдіреді [3, 58–60 бб.]. Бұл бағытта С.Е. Малов пікірін қолдауға толық негіз бар. Басқа мәліметтерді ағайым-ақ, Әулиеата уезінің бастығы В.А. Каллаур ХІХ ғасырдың аяғында Талас өзені бойындағы мәдени ескерткіштер жөнінде өзі жазған еңбек қалдырғанын айтсақ та жетер.

Қорытып білдірсек, Талас бір жазба тасты тауып жария етуде және сондағы жазудың көшірмесін жасауда Әулиеата уезінің бастығы В.А. Каллаур, фин елінің археологы А. Гейкель елеулі еңбек сіңірді. Талас бір ескерткішіндегі көне түркі руна жазуын аударуға белгілі ғалымдар В.В. Радлов, Ю. Немет, С.Е. Малов және түркия зерттеушісі Х.Н. Оркун белсене араласты, әрқайсысы өздерінше тәржімалауға ұмтылғаны танылады. Осы тастағы жазуды аударуда профессор С.Е. Маловтың еңбегі өте зор. Ол Талас бір ескерткішіндегі жазуды үш рет аударған. С.Е. Малов әуелгі тәржімасында кемшілік жібергенін мойындап, бұл жұмысқа қайта кіріседі.

Бұл бағытта ол академик В.В. Радловтың аударма жасау тәсілін басшылыққа алып, Ю. Немет тәржімасы мен өз аудармасын салыстырып отырып жұмыс жасағанын ашық білдіреді. Осы айтқанымызға С.Е. Маловтың: «Менің Ю. Неметтен негізгі айырмашылығым, ол менімен салыстырғанда екінші қатарды кері бағытта оқыды. Жалпы барлық ерекшеліктерді талдап қарағанда мен В.В. Радловтың оқып, аудару тәсіліне жақынырақ барамын. Менің қазіргі аударманың бұрынғыдан айырмашылығы, екінші қатарды қайта түзеп аудардым» [3, 58–60 бб.],— деп жазғаны айғақ.

Әдебиет:

1. Байбосынов Қ, Рысдәулет М. Тас мүсіндер тарихымыздың тамыры // Егемен Қазақстан.— 2002.— 27 ақпан.
2. Малов С.Е. Памятники древнетюркской письменности.— М.-Л.: АН СССР, 1951.— 210 с.
3. Малов С.Е. Памятники древнетюркской письменности Монголии и киргизии.— М.-Л.: АН СССР, 1959.— 111 с.

Елдің болашағы — білімнің салтанат құруында

Тулеубай Аяжан Алтынбекқызы, студент

Ғылыми жетекшісі: с.ғ.к., қауымдастырылған профессор М. Ө. Насимов

Қызылорда «Болашақ» университеті (Қызылорда қаласы, Қазақстан)

Қазіргі таңда тәуелсіздігін алған, зайырлы елдің болашағы — өскелең жас ұрпақтың санасының толығымен білімге деген құштарлығында деп айтуға болады. Әр ұрпақтың пешенесіне жазылған заман ағымымен, яғни, ертеңгі күннің болашағы білімді, елінің құндылықтарына сүйіспеншілікпен таңдай қақтыратын жастарды ауадай қажет ететіндігі сөзсіз түсінікті. Бүгінде, елдің болашағының бүгінгі мен ертеңі туралы келелі ой қозғап, игі мақсаттарды анықтап, оған бастар жолды саралай алған адамның ғана болашағында жарқын білімді, елін

Талас екі жазба ескерткіші (Т2) де бұрынғы Дмитриевск елді мекеніне жақын жерден табылды. Бұл жазба ескерткіштің көшірмесін аударма жасалмаған қалпында бірінші рет 1898 жылы профессор П.М. Мелиоранский, екінші рет А. Гейкель 1918 ж. арнаулы басылымдарда жариялады. Талас екі мәдени ескерткішіндегі көне түркі руна жазуын 1926 жылы Ю. Немет, 1936 жылы С.Е. Малов, 1939 жылы Х.Н. Оркун аударып жария етті.

Талас үш жазба ескерткішінің (Т3) көшірмесін аудармай алғаш арнайы басылымда жария еткен фин ғалымы А. Гейкель. Осы жазбаны 1926 жылы Ю. Немет, 1936 жылы С.Е. Малов, 1939 жылы Х.Н. Оркун аударып, жұртшылық назарына ұсынды. Ал Талас төрт жазба ескерткіші профессор С.Е. Маловтың аудармасымен көпшілікке танылды. Талас бес жазба ескерткішінің тастағы көшірмесін алып, алғаш жария еткен фин ғалымы А. Гейкель. Осы ескерткіштегі көне түркі жазуын 1926 жылы Ю. Немет оқып аударма жасаса, профессор С.Е. Малов 1936 жылы, түркия ғалымы Х.Н. Оркун 1939 жылы оқып аударып жария етті. Сондай-ақ, Талас алты (Т6) жазба ескерткіші Терек-сай аңғарындағы шыңның қабырға тасына ойып жазылған. Талас жеті жазба ескерткіші сол өңірдегі «Ашықтас» деп аталатын жерден табылды. Мұнда көне түркі руна жазуы төрт қырлы ағаш таяқшаға ойып түсірілген. Қазақ ғалымдары бұл мәселеге әлі тікелей араласқан емес.

Алғыс білдіру

Ғылыми-зерттеу жұмысы «Болашақ» Ғылыми-зерттеу институты жанындағы «Руханият» ғылыми-зерттеу орталығының «Сыр бойының рухани мұрасы» университетішілік жобасы шеңберінде орындалып, университет құрылтайшысының қаржыландыруымен жарық көрді.

сүйетін, көзі ашық азаматтың ғана болашағы зор болмақ. Дегенмен, білімнің дамуы мен салтанат құруы жалпыға бірдей ортақ болуы шарт.

Біздер, жастар, ертеңгі болашақ ретінде — тарихымызға көз жүгіртіп, ұлттық құндылықтарымызды сақтау арқылы бүгіннің жаңа атаулы жаңалықтарына жылдам аяқ басуымыз қажет. Бұл жағдайда аса білімдар адамдар ғана табысты болатынына толық күмәнсіз сенуге болады. Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мәлекті

бағдарламалық мақаласында «білімнің салтанат құруы» жайында ой қозғай отырып, тұтас қоғамның және әрбір қазақстандықтардың білімін жетілдіріп, білімді көзі ашық, көкірегі ояу өскелең ұрпақты тәрбиелеуді айрықша атап көрсеткені баршаға айдан анық екені көрініп тұр. Әрбір мемлекеттің дамуы ең алдымен дамуға ұмтылатын, жаңашылдыққа жолы ашық азаматтардың болуы керектігін түсіндірді. Сондықтан да, Елбасы ең алдымен білімді болуды дәріптейтіндігін, елдің болашағы — білімнің салтанат құруы әрдайым бірінші орын алатыны айтпаса да түсінікті [3].

Білімнің салтанат құруы дегеніміз — білім болашақтағы жетістіктердің ең іргелі факторы десек те болады. Білімнің салтанат құруы мәселесіне үлкен мән берілген, өйткені жаһанданып жатқан дамудың қазіргі кезеңдегі еңбек нарығында бәсекелесу үшін жан-жақты білім қоры болуы қажет. Білімнің салтанат құруын қазіргі кезеңмен айтқан да әрбір қазақстандықтың болашақ қажеттілігі, ол барлық біздің еліміздің азаматтарының басты міндеті болуы тиіс. Білімнің салтанат құруы, дамуы — ең алдымен мемлекеттік тіліндегі сөздік қорыңа, ұлттық тіліңе деген құрметтен бастау алып барып, әрі қарай өз еліңді дамыту барысында басқа тілдерге машықтанып жаңа дүниелермен жаңалау дегенді білдіреді [2].

Әрбір азамат мемлекеттік тілін құрметтеу парызы, ал көп тілді білген зор байлық. Сондықтан қазақ, орыс және ағылшын тілдерін жетік меңгерген ұрпақ қалыптастыра отырып, білімді жас ұрпақтың көбейгені — болашағы бар және мұндай білімді жас ұрпақтармен толыққан мемлекетті барша әлем көре алатын болады.

Дәлірек айтқанда, Назарбаев 2006 жылдың қазанында өткен «Үштұғырлы тіл» туралы жобаны ХІІ құрылтайында жария еткен еді. Тіпті «Тілдердің үш тұғырлылығы» атты мәдени жо-

баны 2007 жылғы «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты халыққа жолдауында рет-ретімен іске асыруды ұсынған болатын. Осының нәтижесінде білімді барлық азаматтар білімге деген ой — өрісі кеңейе түскені барлығымызға мәлім [4].

XXI ғасырдың ой толғанысы мен жаңа жаңалықтардың дәуірі болып саналады. Оған тең болу — қазіргі жаһандану процесіндегі кез келген мемлекеттің басты қағидасы.

Қазіргі таңда XXI ғасыр табалдырығын еңсесін көтере аттаған азат ұрпаққа білім жағынан жетілдірудің басым бағыттарын айқындап, ұлттық сананы қалыптастыру мәселелерінің бірі болып саналады. Сондықтан келешек ұрпақты ұлттық, халықтық тұрғыдан білімпаз болуға тәрбиелеу қажет. Өскелең жас ұрпаққа ұлттық тәрбие берудің негізгі бағдары ретінде Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан — 2030» халыққа жолдауында былай деп жазылған: «Толық өркениетті ел болу үшін алдымен өз мәдениетімізді, өз тарихымызды бойымызға сіңіріп, содан кейін өзге дүниені игеруге ұмтылғанымыз жөн» [1].

Қорыта айтқанда, қазіргі заманда білімің асқақтап, бәсекеге қабілетті тұлға болып қалыптасу үшін әрине болашаққа зер салып, келешекке ұмтылу қажет.

Алғыс білдіру

Тезистер «Рухани жаңғыру: қоғамдық сана мен тарихи сананы жаңғырту» пәні және «Болашақ» Ғылыми-зерттеу институты жанындағы Әлеуметтік-экономикалық және саяси зерттеулер орталығының «Сананы жаңғырту бағыттарының мәні, мазмұны және түсініктері» университетішілік жобасы шеңберінде орындалып, университет құрылтайшысының қаржыландыруымен жарық көрді.

Әдебиет:

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан-2030: Барлық Қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы. — Алматы: Білім, 1998. — 96 б.
2. Насимов М.Ө. Сананы жаңғыртудың 6 бағыты: мәні, мазмұны және түсініктері. — Алматы, 2017. — 144 б.
3. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру // Егемен Қазақстан. — 2017. — 12 сәуір.
4. Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы // Егемен Қазақстан. — 2007. — 1 наурыз.

Ойын технологиясының педагогикалық түсініктері

Түнғатова Нұргүл Әмірханқызы, педагогика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы
Қызылорда «Болашақ» университеті (Қызылорда қаласы, Қазақстан)

Ойын технологиялары педагогикалық технологиялардың ажырамас бөлігі болып табылады. Білім беру процесінде ойын технологияларын педагогикалық теория мен тәжірибеде қолдану мәселесі бұрыннан өзекті. Л.С. Выготский, А.Н. Леонтьев, Д.Б. Эльконин және т.б. ғалымдар ойын теориясын, оның әдіснамалық негіздерін, оның әлеуметтік табиғатын, педагогикадағы оқушының дамуындағы маңыздылығын зерт-

теді. Қазіргі таңда ойын технологиялары ұстаздар үшін үлкен қызығушылық тудырады. Ойынды ғылыми жіктеуге және оны қандай да бір толық тұжырымдамамен анықтауға бірнеше рет әрекет жасалды. Бірақ, қазіргі уақытта ойын мен адамзат мәдениеті арасындағы байланыстар ғылыми тұрғыдан анықталған. Ойынның бала мен ересек адамның дамуына тигізетін маңыздылығы, ойынның биологиялық табиғаты эмпирикалық түрде

анықталып, оның психологиялық және әлеуметтік факторлармен байланысы белгіленді [1, 141 б.].

Ойын анықтамаларына келсек: Ойын — бұл ішкі құбылысқа, имманентті тұлғаға тән психикалық мінез-құлықтың түрі (Д.Н. Узнадзе). Ойын — баланың «ішкі әлеуметтенуінің» кеңістігі, әлеуметтік нұсқауларды игеру құралы (Л.С. Выготский). Ойын — бұл тұлға қиялындағы еркіндік, «орындалмайтын мүдделерді иллюзорлық іске асыру» (А.Н. Леонтьев). Ойын — бұл нақты анықталған және болжамды нәтижесі бар бір-бірінің артынан жалғасатын жасырын қосымша трансакциялар сериясы (Э. Берн). Ойын — бұл өзін-өзі басқарудағы мінез-құлықты дамытатын және жетілдіретін, әлеуметтік тәжірибені қалпына келтіруге және игеруге бағытталған ахуал шарттарындағы қызмет түрі (Г.К. Селевко) [2].

Ойын технологиясы мектепке дейінгі жаста кеңінен қолданылады. Өйткені осы кезеңдегі жаста ойын жетекші әрекет болып табылады. Бала рөлдік ойынды үш жасында игереді, адами қарым-қатынастармен танысады, құбылыстардың сыртқы және ішкі жақтарын ажырата бастайды, алаңдаушылық пайда болып, қоршаған ортаға бағдарлану басталады. Бала санасында қиялдау және символдық көріністер қалыптасып, бұл оған кейбір заттардың қасиеттерін басқаларына ауыстыруға мүмкіндік береді, өз сезімдерінде бағдар пайда болады және баланың ұжымдық іс-әрекетке және қарым-қатынасқа қатысуына мүмкіндік беретін мәдени көрініс дағдылары пайда бола бастайды. «Ойын педагогикалық технологиялары» ұғымы әртүрлі педагогикалық ойындар түрінде педагогикалық процесті ұйымдастырудың әдістері мен тәсілдерінің кең тобын қамтиды. Жалпы педагогикалық ойынның қарапайым ойындардан айырмашылығы және маңызды ерекшелігіне оқытудың нақты мақсаты мен педагогикалық нәтижелерін негіздеуге, айқын көрсетуге және танымдық бағдарларын сипаттауын жатқызамыз. Сабақтың ойын формасы балаларды оқу іс-әрекетіне ынталандыру құралы ретінде әрекет ететін ойын мотивациясымен жасалады. Сабақтарда ойын әдістері мен жағдай-

ларын жүзеге асыру келесі негізгі бағыттар бойынша жүзеге асырылады: дидактикалық мақсат балаларға ойын тапсырмасы түрінде қойылады; оқу әрекеті ойын ережелеріне бағынады; оқу материалы оның құралы ретінде қолданылады; оқу іс-әрекетіне дидактикалық тапсырманы ойынға аударатын сайыс элементі енгізіледі; дидактикалық тапсырманы сәтті орындау ойын нәтижесімен байланысты.

Оқу процесінде ойын технологиясының орны мен рөлі, ойын мен оқу элементтерінің үйлесуі көбінесе ұстаздың педагогикалық ойындар қызметі және жіктелуін түсінуіне байланысты. Педагогикалық процестің сипаты бойынша келесі топтарға бөлінеді: оқыту, жаттығу, бақылау және жалпылау; танымдық, тәрбиелік, дамытушылық; репродуктивті, өнімді, шығармашылық; коммуникативті, диагностикалық, психотехникалық және т.б. Ойын технологиясының мақсатына бірқатар мәселелерді шешу жатады: дидактикалық (ой-өрісін кеңейту, танымдық іс-әрекет; практикалық іс-әрекетте қажетті белгілі бір икемдер мен дағдыларды қалыптастыру және т.б.); дамыту (зейін, есте сақтау, сөйлеу, ойлау, елестету, қиялдау, шығармашылық идеяларды дамыту, заңдылықтарды құру икемділігі, оңтайлы шешімдерді табу және т.б.); тәрбиелеу (дербестікке, ерік-жігерге тәрбиелеу, адамгершілік, эстетикалық және дүниетанымдық ұстанымдарды қалыптастыру, ынтымақтастық, ұжымшылдық, әдептілікке тәрбиелеу және т.б.); әлеуметтендіру (қоғамның нормалары мен құндылықтарына тарту; қоршаған орта жағдайларына бейімделу және т.б.) [3].

Алғыс білдіру

Ғылыми-зерттеу жұмысы «Болашақ» Ғылыми-зерттеу институты жанындағы «Кіші жастағы оқушыларға білім беру» ғылыми-педагогикалық зерттеу орталығының «Мектепке дейінгі ұйымдарда ойын технологиясын қолдану ерекшеліктері» университетішілік жобасы шеңберінде орындалып, университет құрылтайшысының қаржыландыруымен жарық көрді.

Әдебиет:

1. Михайленко Т.М. Игровые технологии как вид педагогических технологий // Педагогика: традиции и инновации: материалы I Междунар. науч. конф. (г. Челябинск, октябрь 2011 г.).— Т. 1.— Челябинск: Два комсомольца, 2011.— С. 140–146.
2. Понятие «игра» и «игровые технологии» в психолого-педагогической науке // [Электронный ресурс].— Режим доступа: <https://multiurok.ru/blog/poniatie-igra-i-igrovye-tekhnologii-v-psikhologo-pedagogicheskoi-nauke.html>
3. Игровые педагогические технологии // [Электронный ресурс].— Режим доступа: <https://psylist.net/pedagogika/ipt.htm>

Ойын технологияларындағы адамгершілік қасиеттерді қалыптастырудың шарттары

Тұнғатова Нұргүл Әмірханқызы, педагогика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы
Қызылорда «Болашақ» университеті (Қызылорда қаласы, Қазақстан)

XXI ғасырдағы мектеп жасына дейінгі балалардың мерекелік-ойын мәдениеті әр ғылым салаларындағы теоретиктер мен практиктердің (Л.И. Божович, Л.А. Венгер, Л.С. Выготский, Л.С. Кудинова, В.В. Медведенко, С.Л. Рубинштейн,

В.А. Слестелин, Д.Б. Эльконин және т.б.) назарын аударатын қоғамның көп қырлы құбылысы ретінде дәйектеледі. Олар өз еңбектерінде мектеп жасына дейінгі балалардың мерекелік-ойын мәдениеті қоғамның субъектісі ретінде жеке

адамның рухани-адамгершілік саласын қалыптастырып, айналасындағы әлемді өзгертетінін, қарым-қатынас қуанышын көтеретінін, ал мерекелердің өзі елдің тарихы мен мәдениетін, белгілі бір этникалық топ менталитетінің ерекшеліктерін жеткізетінін атап өтті.

Көптеген жұмыстар мектеп жасына дейінгі балалардың мерекелік-ойын мәдениеті мәселесіне және ойын технологиясының тәрбиелік мүмкіндіктерін зерттеуге арналған. Д. Б. Элконииннің пікірінше, ойын адамның іс-әрекетін көрсететіндігі соншалықты, адамдар арасындағы қарым-қатынас нормалары айқындалатын әлеуметтік мәселелер байқалады. К. Д. Ушинский ойын мазмұнының баланың жеке басын тәрбиелеуге әсері тұрғысынан негіздеді. Л. С. Выготский, А. В. Запорожец, С. Л. Рубинштейн және т.б. пікірлеріне сәйкес, мектеп жасына дейінгі бала психикасындағы ойынның арқасында тұлғаның құндылыққа бағдарланған қасиеттерін қалыптастыруға ықпал ететін өзгерістер болады. Бұл балалардың болашақта жаңа, жоғары, даму сағасына көшуге мүмкіндік береді. И. М. Семенов ойынды физиология тұрғысынан қарастырды, бұл ғалымның сезімді қалыптастырудағы ойынның маңыздылығын негіздеуге мүмкіндік берді. Оның пікірінше, ойын тәжірибесі баланың санасында терең із қалдырады. Өйткені ересектердің іс-әрекеттерін, олардың жеке қасиеттеріне еліктеу және көшіру балада үлкендермен ортақ қасиеттердің қалыптасуына әсер етеді [1, 211–212 бб.].

Ян Амос Коменский ойынды баланың табиғаты мен бейімділігіне сәйкес келетін жұмысының маңызды түрі деп санады: ойын баланың маңызды ақыл-ой жұмысы болып табылады, ойында баланың барлық мүмкіндіктері дамиды, әлем туралы идеялар шеңбері кеңейіп, байытылады, сөйлеу дамиды; жалпы ойындарда бала құрдастарымен жақындасады. Мектепке дейінгі білім берудегі балалардың адамгершілік санасының негіздерін қалыптастыру тұжырымдамасын қалыптастырудың педагогикалық алғышарттары болып табылады: балалардың адамгершілік тәрбиесінің мүмкіндіктері мен ерекшеліктері туралы көзқарастар жүйесін айқындайтын маңызды ғылыми және ғылыми-әдістемелік идеялар, көзқарастар мен

тұжырымдамалар; мектеп жасына дейінгі балалардың моральдық білімді игеруі, мінез-құлық нормалары мен ережелері туралы идеяларды қалыптастыру; адамгершілік сезімдер мен эмоцияларды, адамгершілік қатынастарды, адамгершілікке бағытталған іс-әрекеттерді дамыту; осының негізінде тиісті педагогикалық қызметтің мазмұнын, құралдарын, тәсілдерін, әдістерін таңдау.

Балалар ұжымы — жеке тұлғаны қалыптастыруға және оның әрбір мүшесінің дербестігін дамытуға ықпал ететін жоғары адамгершілік және эстетикалық тәрбиелейтін қоғамдық қатынастар, қызмет және қарым-қатынас жүйесі құрылатын балалар тобы. Ұжым балаларға мыналарды ұсынады: қарым-қатынас пен өзін-өзі таныту қажеттіліктерін қанағаттандырады; бай эмоционалды тәжірибе береді; мінез-құлық тәжірибесін береді, бұл оның кейінгі жылдарда әлеуметтік құндылықты иеленуде өте маңызды; өзін-өзі тану, қадірі мен мәселелерін білу үшін басқалармен қарым-қатынас және өзара әрекеттесу арқылы шарттар жасайды [2].

Ойын технологиялары белгілі бір нәтижеге қол жеткізуге, атап айтқанда рухани-адамгершілік құндылықтарды игеруге, әлеуметтік рөлдерге бағытталуымен сипатталып, адамгершілік қасиеттерді қалыптастыруға ықпал жасайды. Мектеп жасына дейінгі балаларды белсенді шығармашылық іс-әрекетке тартатын, олардың құндылық-бағдарлау саласына тиімді әсер етуге мүмкіндік беретін тәрбие процесінің бөлігі ретінде ойын технологияларын дұрыс таңдау өз нәтижесін береді. Балалар ойын технологиялары арқылы рухани-адамгершілік бағдарлау үшін жеткілікті білім алады.

Алғыс білдіру

Ғылыми-зерттеу жұмысы «Болашақ» Ғылыми-зерттеу институты жанындағы «Кіші жастағы оқушыларға білім беру» ғылыми-педагогикалық зерттеу орталығының «Мектепке дейінгі ұйымдарда ойын технологиясын қолдану ерекшеліктері» университетшілік жобасы шеңберінде орындалып, университет құрылтайшысының қаржыландыруымен жарық көрді.

Әдебиет:

1. Мангер Т. Э. Формирование духовно-нравственной культуры дошкольников средствами празднично-игровых технологий в системе непрерывного воспитания // Филологические науки. Вопросы теории и практики.— 2016.— № 9(63): в 3-х ч.— Ч. 3.— С. 211–213.
2. Кричигина Е. В. Формирование нравственных качеств через игру. Картотека игр // [Электронный ресурс].— Режим доступа: <https://nsportal.ru/detskiy-sad/raznoe/2016/09/06/formirovanie-nravstvennyh-kachestv-cherez-igru-kartoteka-igr>

«БОЛАШАҚ» ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ

«Болашақ» ҒЗИ «Болашақ» университетінің құрылымдық бөлімшесі ретінде 2014 жылдан бастап жұмыс жасайды.

Институттың негізгі мақсаты — іргелі ғылыми негіздер мен қолданбалы зерттеулерді дамыту болып табылады.

«Болашақ» ҒЗИ міндеттері мен қызметтері:

— ғылыми—зерттеу жұмыстары мен университет жобаларын жүзеге асыруға дайындалу, қамтамасыз ету және жәрдемдесу;

— ғылыми зерттеулер жобалары мен жоспарларын әзірлеу;

— заманауи ғылыми—техникалық деңгейде зерттеулер мен әзірлемелердің орындалуын ұйымдастыру;

— жүргізілетін ғылыми жұмыстар мен жобалардың жоғары тиімділігін қамтамасыз ету;

— бекітілген тапсырмалар мен бағдарламаларға сәйкес ғылыми—зерттеу жұмыстарының уақытылы және сапалы орындалуына бақылау жүргізу;

— ғылыми жобаларды басқаруға штаттағы ғылыми қызметкерлер, профессор—оқытушылар құрамын жұмылдыруға жәрдемдесу;

— мекемелерге кеңес беру;

— лабораториялар мен орталықтардың негізгі ғылыми жұмыстарының тақырыптары бойынша семинарлар, дөңгелек үстел мен конференциялар ұйымдастыру;

— Қазақстан Республикасындағы оқу орындары, ғылыми мекемелермен ғылыми байланыстар орнату;

— журналдардың арнайы шығарылымдарын дайындау, институттың шетелдік әріптестерімен бірлесе отырып халықаралық ғылыми конференциялар өткізу.

Институтты 2014 жылдан бастап ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор Ж.Ө. Өтесінов басқарды. 2019 жылдың желтоқсанынан бастап ҒЗИ директоры — саяси ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор М.Ө. Насимов.

«Болашақ» ҒЗИ құрамына кіреді: Агробиотехнологиялық ғылыми—зерттеу лабораториясы; Әлеуметтік—экономикалық және саяси зерттеулер орталығы; «Руханият» ғылыми—зерттеу орталығы; Әлеуметтік мәселелерді психологиялық және дефектологиялық зерттеу орталығы; Кіші жастағы оқушыларға білім беру ғылыми—педагогикалық зерттеу орталығы.

2014 жылдан бастап институт чехиялық «Sociosféra—CZ» Ғылыми—баспа орталығымен бірлесе отырып жыл сайын «Қазіргі шарттардағы тәрбиенің мақсаттары, міндеттері мен құндылықтары» және «Адам мен қоғам қауіпсіздігі әлеуметтік—гуманитарлық ғылымдардың мәселесі ретінде» халықаралық ғылыми—тәжірибелік конференциясын өткізіп келеді. Сонымен қатар, институт ресейлік «Молодой ученый» журналының арнайы шығарылымдарын дайындайды.

НАУЧНО–ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКИЙ ИНСТИТУТ «БОЛАШАК»

НИИ «Болашак» как структурное подразделение университета «Болашак» работает с 2014 года.

Основной целью института является развитие фундаментальных научных основ и прикладных исследований.

Задачами и функциями НИИ «Болашак» являются:

- подготовка, обеспечение и содействие в проведении научно–исследовательских работ и университетских проектов;

- разработка проектов и планов научных исследований;

- организация выполнения исследований и разработок на современном научно–техническом уровне;

- обеспечение высокой эффективности проводимых научных работ и проектов;

- осуществление контроля за своевременным и качественным выполнением научно–исследовательских работ в соответствии с утвержденными заданиями и программами;

- содействие привлечению штатных научных сотрудников, профессорско–преподавательского состава к руководству научными проектами;

- консалтинговое обеспечение предприятий;

- организация семинаров, круглых столов и конференций по тематикам основных научных работ лабораторий и центров;

- установление научных связей с учебными заведениями, научными организациями Республики Казахстан;

- подготовка спецвыпусков журналов, проведение международных научных конференций с зарубежными партнерами института.

С 2014 года институт возглавлял доктор сельскохозяйственных наук, профессор Ж.У. Утешинов. С декабря 2019 года директором НИИ является кандидат политических наук, ассоциированный профессор М.О. Насимов.

В состав НИИ «Болашак» входят: Агробиотехнологическая научно–исследовательская лаборатория; Центр социально–экономических и политических исследований; Научно–исследовательский центр «Руханият»; Центр психологических и дефектологических исследований социальных проблем; Научно–педагогический исследовательский центр образования младших школьников.

С 2014 года институт совместно с чешским Научно–издательским центром «Sociosféra–CZ» ежегодно проводит международные научно–практические конференции «Цели, задачи и ценности воспитания в современных условиях» и «Безопасность человека и общества как проблема социально–гуманитарных наук». А также институт готовит специальные выпуски российского журнала «Молодой ученый».

BOLASHAK RESEARCH INSTITUTE

Bolashak Research Institute as a structural unit of the University Bolashak has been working since 2014.

The main aim of the Institute is the development of fundamental scientific foundations and applied research.

The tasks and functions of the Bolashak Research Institute are:

- preparation, provision and assistance in conducting research work and university projects;
- development of projects and plans for scientific research;
- organization of research and development on a modern scientific and technical level;
- ensuring high efficiency of ongoing scientific works and projects;
- control over the timely and high-quality implementation of scientific research in accordance with approved tasks and programs;
- assistance in attracting full-time scientific staff, faculty to supervise scientific projects;
- consulting support of enterprises;
- organization of seminars, round tables and conferences on the topics of the main scientific works of laboratories and centers;

– establishment of scientific relations with educational institutions, scientific organizations of the Republic of Kazakhstan;

– preparation of special issues of journals, conducting international scientific conferences with foreign partners of the Institute.

Since 2014 the institute was headed by the doctor of agricultural sciences, professor Zh.U. Utesinov. Since December 2019, the director Research Institute candidate of political sciences, associate professor M.O. Nassimov.

Bolashak Research Institute includes: Agrobiotechnology research laboratory; Center for Socio-Economic and Political Researches; Research Center «Rukhaniyat»; Center for psychological and defectological studies of social problems; Scientific and pedagogical research center for education of primary schoolchildren.

Since 2014 Institute together with the Vědecko vydavatelské centrum «Sociosféra-CZ» (Praha) annually conducts international scientific-practical conferences «Purposes, tasks and values of education in modern conditions» and «Safety of a person and society as a problem of social sciences and humanities». And also the Institute prepares special issues of the Russian journal «Young Scientist».

Молодой ученый

Международный научный журнал
№ 5.1 (347.1) / 2021

Выпускающий редактор Г. А. Кайнова
Ответственный редактор О. А. Шульга
Художник Е. А. Шишков
Подготовка оригинал-макета П. Я. Бурьянов, М. В. Голубцов, О. В. Майер

За достоверность сведений, изложенных в статьях, ответственность несут авторы.
Мнение редакции может не совпадать с мнением авторов материалов.
При перепечатке ссылка на журнал обязательна.
Материалы публикуются в авторской редакции.

Журнал размещается и индексируется на портале eLIBRARY.RU, на момент выхода номера в свет журнал не входит в РИНЦ.

Свидетельство о регистрации СМИ ПИ № ФС77-38059 от 11 ноября 2009 г., выдано Федеральной службой по надзору в сфере связи, информационных технологий и массовых коммуникаций (Роскомнадзор).

ISSN-L 2072-0297

ISSN 2077-8295 (Online)

Учредитель и издатель: ООО «Издательство Молодой ученый»

Номер подписан в печать 10.02.2021. Дата выхода в свет: 17.02.2021.

Формат 60×90/8. Основной тираж номера 500 экз., фактический тираж выпуска 18 экз. Цена свободная.

Почтовый адрес редакции: 420126, г. Казань, ул. Амирхана, 10а, а/я 231.

Фактический адрес редакции: 420029, г. Казань, ул. Академика Кирпичникова, д. 25.

E-mail: info@moluch.ru; <https://moluch.ru/>

Отпечатано в типографии издательства «Молодой ученый», г. Казань, ул. Академика Кирпичникова, д. 25.